

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Хатеева Назгуль Сериккалиевна

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ФИЗИКАЛЫҚ
ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша
Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ С.И.Рустамбеков

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2024 ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., с.ғ.д.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ.....	6
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	9
1-ТАРАУ. АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТҮСІНІГІ МЕН ЖҮЙЕСІ.....	12
1.1. Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік түсініктерінің құқықтық негіздері, нормативтік реттелуі.....	12
1.2. Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін мониторингілеу және бағалау жүйесі.....	14
1.3. Қазақстанның ішкі нарығындағы азық-түліктің физикалық қолжетімділігі деңгейінің ағымдағы жай-күйі, импортқа тәуелділік деңгейі.....	20
1.4. Қазақстанда азық-түлік тауарларын ұзақ мерзімді сақтау объектілерінің (астық, жеміс-көкөніс қоймалары) көлемі.....	26
2-ТАРАУ. АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ.....	32
2.1. Шет елдердегі азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік түсініктерінің құқықтық негіздері, нормативтік реттелуі.....	32
2.2. Азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік мәселелері бойынша әлемдік трендтер.....	40
3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ.....	48
3.1. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатын жүргізу барысындағы пролемалық мәселелер (интервью негізінде).....	49
3.2. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар (интервью негізінде).....	52
3.3. Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін мониторингілеу және бағалау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар.....	56
ҚОРЫТЫНДЫ.....	60
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	62
ҚОСЫМШАЛАР.....	70

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада (зерттеуде) келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтеме жасалған:

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 ақпандағы «Ислам Конференциясы Ұйымының Жарғысын ратификациялау туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022–2024 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 наурыздағы № 178 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар тізбесін бекіту туралы» № 145 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі «Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 296 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы «Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» № 184 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» № 503 бұйрығы.

Осы магистрлік жобада келесі халықаралық нормативтік-құқықтық актілерге сілтеме жасалады:

Литва Республикасының 1994 жылғы 22 желтоқсандағы «Ауыл шаруашылығындағы экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы» заңы;

Литва Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы «Тамақ өнімдері туралы» заңы;

Литва Республикасының 2002 жылғы 25 маусымдағы «Ауыл шаруашылығы мен ауылды дамыту туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» заңы;

Финляндияның 2021 жылғы 9 сәуірдегі «Азық-түлік туралы» заңы;

Финляндияның 2006 жылғы 29 желтоқсандағы «Ауылдық жерлерді дамытуды қолдау туралы» заңы;

Финляндияның 2022 жылғы 29 жетоқсандағы «Жалпы ауыл шаруашылығы саясатының стратегиялық жоспарын басқару туралы» заңы;

Финляндияның 2012 жылғы 28 жетоқсандағы «Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын ұйымдастыру туралы» заңы;

Финляндияның 2011 жылғы 11 желтоқсандағы «Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібіндегі, сондай-ақ ауылдық жерлердегі зерттеулер мен даму жобаларын қаржыландыру туралы» заңы;

Финляндияның 2007 жылғы 28 жетоқсандағы «Ауыл шаруашылығына құрылымдық көмек туралы» заңы;

Қырғыз Республикасының 2008 жылғы 4 тамыздағы «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы» заңы;

Қырғыз Республикасының 2009 жылғы 26 мамырдағы «Ауыл шаруашылығын дамыту туралы» заңы;

Қырғыз Республикасының 1998 жылғы 31 қазандағы «Қорғау шаралары туралы» заңы;

Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 26 мамырдағы «Мемлекеттік материалдық резерві туралы» заңы;

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы «Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын бекіту туралы» № 12 шешімі;

Қырғыз Үкіметінің 2008 жылғы 27 қарашадағы «Ауыл шаруашылығы өнімдері, шикізат және азық-түлік нарығында интервенцияларды қолдану тәртібі туралы ережесін бекіту туралы» № 651 қаулысы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы;
АӨК	– агроөнеркәсіптік кешен;
АТҚД	– Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейі;
НІТ	– Азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі;
АТИҰ	– Азық-түлік тауарлары импортының үлесі;
ДЭФ ЖБИ	– Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі;
ХҚЕС	– Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры;
ЮНИСЕФ	– Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры;
ҰҚЖ	– Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы;
ДДҰ	– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарының;
САР	– Жалпы ауыл шаруашылығы саясаты (Common Agriculture Policy).

КІРІСПЕ

Әлемдік тұрақсыздық жағдайында орын алып жатқан азық-түлік тасымалындағы тізбектердің бұзылуы, азық-түлік инфляциясы, азық-түлікке жаһандық сұраныстың артуы әлемдік азық-түлік жүйелеріндегі өзгерістерге әкелуде. Осы орайда, тұрақсыз геосаяси жағдайдың логистикаға, азық-түлік тауарларын өндіруге, бағаның өсуіне теріс ықпалының алдын-алу үшін азық-түлік тәуелсіздігі мәселелерін шешу, азық-түлік жүйелерінің орнықты дамуын қамтамасыз ету әрбір елдің басты алғышартына айналуы тиіс.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұлттық экономиканың тұрақты экономикалық дамуына ықпал етіп қана қоймай, азаматтардың әлеуметтік әлауқатына кепілдік берері сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ-ның Азық-түлік жүйелері жөніндегі саммитінде сөйлеген сөзінде ауыл шаруашылығы климаттың жылынуы, коронавирус пандемиясы, саяси-экономикалық тұрақсыздық сияқты түрлі сын-қатерлермен қарсы келіп отырғандығын, сол себепті азық-түлік нарығының орнықты дамуына жағдай жасау маңызды екендігін атап кеткен болатын [1].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңалығы

Бүгінгі күні жаһандық деңгейде азық-түлік өндірісі көлемінің артуына қарамастан, жекеленген өңірлерде азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің қамтамасыз етілу деңгейі төмен.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының ақпаратына сәйкес, 2019-2020 жылдар аралығында әлемде жеткіліксіз тамақтану деңгейі 8-ден 9,3 пайызға дейін өсіп, ал 2021 жылы бұл көрсеткіш 9,8 пайызға жеткен. 2021 жылы әлемде 702-ден 828 миллионға дейін аш адам болған. COVID-19 пандемиясының салдарынан олардың саны шамамен 150 миллионға өскен [2].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес Қазақстанда азық-түліктің негізгі 29 тауары бойынша (оның ішінде 19 әлеуметтік-маңызы бар) ішкі нарықты отандық тауар өндірісі есебінен қамтамасыз ету 80% және одан жоғары болып табылады [3].

Алайда жекеленген азық-түлік тауарлары бойынша физикалық қолжетімділік деңгейі әлі де 80% төмен, яғни ішкі нарық алты тауар бойынша импортқа тәуелді. Бұл тауарларға алма, құс еті, шұжық өнімдері, ірімшік пен сүзбе, қант және балық жатады.

Мақсаты мен міндеттері:

Аталған жобаның мақсаты болып Қазақстанда азық-түліктің физикалық қолжетімділігі жағдайын кешенді талдау, оның жай-күйін анықтау әдістемесін зерттеу мен жетілдіруді бойынша ұсыныстар дайындау болып табылады.

Жобаның зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттерді шешу қажет:

– Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік түсініктерінің құқықтық негіздері мен нормативтік реттелуін зерттеу;

– Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін мониторингілеу және бағалау жүйесін зерделеу, ішкі нарықтағы азық-түліктің физикалық қолжетімділігі деңгейінің ағымдағы жай-күйі, импортқа тәуелділік деңгейін анықтау;

– Шет елдердегі азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік түсініктерінің құқықтық негіздері, нормативтік реттелуін зерделеу, азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік мәселелері бойынша әлемдік трендтерді анализдеу;

– Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін мониторингілеу және бағалау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны мен пәні:

Зерттеу нысаны: Қазақстан Республикасындағы азық-түліктің физикалық қолжетімділігі жай-күйінің жағдайы мен оны анықтау әдістемесі болып табылады.

Зерттеу пәні: Қазақстан Республикасындағы азық-түліктің физикалық қолжетімділігі жай-күйінің жағдайы мен оны анықтау әдістемесінің тиімділігі.

Ғылыми-зерттеу жұмысының орындалу орны:

Ғылыми-зерттеу жұмысының орындалатын негізгі орны болып Қазақстан Республикасы азық-түлік қатынастары табылғанымен, зерттелетін әдістеме мен оны жетілдіру бойынша ұсыныс өзге елдер тәжірибесінде қолдануға болады. Зерттеу жұмысы Литва, Финляндия және Қырғыз Республикасы сияқты елдердегі азық-түліктің физикалық қолжетімділігі жай-күйінің жағдайы мен оны анықтау әдістемесінің тиімділігін анықтау мен сараптауға негізделген.

Бұл жұмыстың басқа зерттеу жұмыстарымен, диссертациялармен байланысы:

Зерттеу жұмыстары мен диссертациялар, негізінен азық-түлік қауіпсіздігі жағдайларын сипаттап, талдау мен оны жақсарту бойынша ұсыныстар беруге негізделеді. Алайда, азық-түлік қауіпсіздігін анықтау әдістемесін жетілдіру мәселесі шеттеу қалған іспеттес. Осы жұмыста бұрын зерттелген мәселелер тоғыстырылып, дамытыла отырып, басқа қырынан зерттелетін болады.

Теориялық және әдістемелік негізі:

Қазақстан Республикасы азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің жай-күйін мониторингілеудің әдістемелердің теориялық тұжырымдамалары мен әдістемелік тәсілдеріне шолу жасалды.

Зерттеудің ақпараттық базасы:

Зерттеудің ақпараттық базасы болып Қазақстан Республикасының азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің жай-күйін мониторингілеу саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілер табылады. Сонымен бірге, ресми статистикалық деректер мен сарапшылармен сұхбат негізінде алынған ақпарат та осы зерттеу жұмысының ақпараттық базасы болып табылады.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми ережелер:

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің жай-күйін мониторингілеудің нақтылығы азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін уақтылы және сапалы шешуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу:

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және енгізу мақсатында түрлі іс-шараларда келесі тақырыптарға баяндамалар жасалды:

- «Азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуді реттеу және оның тетіктері»;

- «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін негізі – азық-түліктің физикалық қолжетімділігі»;

- «Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибесі».

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының «Ашық үкімет және жаңа басқару мәдениеті: есту, түсіну, әрекет ету» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің негізі - азық-түліктің физикалық қолжетімділігі» атты мақала жарияланды.

Магистрлік жобаның құрылымы мен көлемі:

Магистрлік жобаның құрылымы бөлімдерге нақты бөлуді көздейді. Кіріспе зерттеудің контекстін белгілейді, оның өзектілігін негіздейді және жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтайды. Жобаның негізгі бөлімі үш бөлімнен тұрады: біріншісі Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділігі мен түсінігін талдауға арналған, екіншісі осы саладағы шетелдік тәжірибені зерделеуге арналған, ал үшіншісі - азық-түлік қауіпсіздігі, соның ішінде физикалық қолжетімділікті жақсарту бойынша ұсыныстар ұсынады. Қорытынды бөлімі зерттеу жұмысында берілген ұсыныстарды қорыта отырып, күтілетін нәтижелерді айқындайды.

Тақырыпты зерттеу дәрежесі:

Азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік мәселелері ғаламдық өзекті мәселе болып келеді және жіті зерттеуді қажет ететін ғылымдардың бірі болып табылады. Алайда, азық-түлік қауіпсіздігін анықтау әдістемесін жетілдіру мәселесі сәл шеттеу қалған іспеттес. Осы жұмыста бұрын зерттелген мәселелер тоғыстырылып, дамытыла отырып, басқа қырынан зерттелетін болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Азық-түлік қауіпсіздігі ұғымын түрлі ғалымдар түрліше айқындаған.

БҰҰ бастамасымен өткен Дүниежүзілік азық-түлік конференциясының баяндамасында 1974 жылы алғаш рет азық-түлік қауіпсіздігі түсінігі - барлық адамдар кез келген уақытта қажетті негізгі тағамдарға физикалық және экономикалық қол жеткізе алуы деп белгіленді.

Дүниежүзілік банк 1986 жылы бұл тұжырымды өзгертіп, азық-түлік қауіпсіздігі - барлық адамдардың кез келген уақытта белсенді, салауатты өмір сүру үшін жеткілікті азық-түлікке қол жеткізуі, азық-түліктің қол жетімділігі және оны сатып алу мүмкіндігі деп анықтады.

БҰҰ азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасы азық-түлік қауіпсіздігі ұғымын одан әрі кеңейтті. Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігі әрбір үй шаруашылығының және оның барлық мүшелерінің деңгейінде өмір сүруді қамтамасыз етуді білдіретіндігі және сапалы тамақтануға, қауіпсіз ауыз суға, қоршаған ортаны қорғауға, бастауыш білім беруге және негізгі медициналық көмекке физикалық және экономикалық қол жетімділікті қамтамасыз етуді қамтитындығы айтылды [4].

Отандық ғалымдардың, яғни Калиев Г.А., Сатыбалдин А.А., Григоров В.В., Сигарев М.И., Есполов Т.И. және тағы басқа да Қазақстан мемлекетінің аграрлық саясатының қалыптасу негіздеріне; агросектордың даму концепциясы, механизміне; ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудағы кластерлік бағыттарды дамыту мәселелеріне қатысты ғылыми еңбектері зерделенген [5, 6, 7, 8, 9].

Мысалы, Л.А. Бимендинаның айтуы бойынша, Қазақстанның азық-түлік мәселесінің қауіпсіздігі ресурстармен толығымен қамтамасыз етілген. Тамақтанудың физиологиялық нормаларына сай, сыртқы және ішкі нарықтың түрлі жағдайларына тәуелсіз халықтың қажеттілігін қанағаттандыра алатын жалпы экономиканың және агроөнеркәсіп кешенінің жағдайына байланысты. Ол сапалы азық-түлікті өндіру және халықтың оны тұтыну мүмкіндігін қамтамасыз ете алатын табиғи және шикізаттық ресурстарды пайдаланумен өлшенеді [10].

Ал М.Ш. Кенжебулатова болса «азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деп — халықтың еркін түрде отандық азық-түлік тауарларына қолжетімділігін қамтамасыз ету және импортқа деген тәуелділіктің алдын-алу» деп пайымдаған [11].

П.С. Джордждың еңбектерінде азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз барлық кезеңдерде, соның ішінде егін жинау кезеңдерінде ұлттық деңгейде азық-түлік астығының ең аз мөлшерін физикалық жеткізуді қамтамасыз ету шараларын білдіреді делінген. Кейіннен физикалық қолжетімділіктің өзі бүкіл халыққа, әсіресе кедей және осал топтарға азық-түлікке экономикалық қол жетімділікті қамтамасыз етпейтіні мойындаған. Өндірістің қанағаттанарлық

деңгейлері мен жеткізілім тұрақтылығы кедейлерге экономикалық және физикалық қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін кедейліктің төмендеуімен және төлем қабілеттілігінің артуымен бірге жүруі керек екендігі атап өткен [12].

Браун, Йоахим және басқа ғалымдар ұлттық деңгейдегі азық-түлік қауіпсіздігін сұраныс пен ұсыныс көрсеткіштері бойынша бақылауға болады, ал үй шаруашылықтары деңгейіндегі азық-түлік қауіпсіздігін тікелей диеталық зерттеулер арқылы өлшеуге болады, ал жеке деңгейдегі азық-түлік қауіпсіздігін антропометриялық ақпарат негізінде бағалауға болады деген [13].

Азық-түлік қауіпсіздігінің экономикалық аспектілерінің маңыздылығына карамастан, оның деңгейіне дәл әсер ететін анықтаушы фактор деп физикалық қолжетімділікті есептеймін, себебі баға тікелей немесе жанама түрде тағамның физикалық қолжетімділігіне байланысты, яғни сұраныс заңына сәйкес, азық-түлік тауарларына ұсыныстың өсуімен олардың бағасы төмендеуі керек, демек, өнім қолжетімді болса, оның экономикалық қолжетімділігі де қамтамасыз етіледі.

Т.В.Ахмадулинаның еңбегіне сүйенсек, «азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі тағамдардың сауда объектілерінде болуымен көрсетіледі, сонымен қатар, халыққа қажетті азық-түліктің ассортиментіне, оған қолжетімділікті қамту мерзімдеріне байланысты» делінген [14].

Моронова О.Г. болса, «азық-түліктің физикалық қолжетімділігі дегеніміз – азық-түлік тауарларының өндірістен тұтынушыларға дейін әрдайым еш үздіксіз қамтамасыз етіліп тұруы» деген [15].

Яшкова Н.В. мен Исаева Е.М. цифрлық экономикаға көшу жағдайында азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін талдап қана қоймай, сонымен қатар азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті бастапқы факторлардың деңгейін модельдеу алгоритмін әзірлеу қажет деп пайымдайды [16].

1-кесте - Физикалық қолжетімділік түсінігі

Автор	Физикалық қолжетімділік түсінігі
С.А. Сагинова, А.И. Ткачева, С.К. Рыскулов	«Азық-түліктің қажетті және жеткілікті мөлшерін өндіру көлемі немесе импорт арқылы қамтамасыз ету»
М.С. Чеботарев	«Қолданыстағы стандарттарға сай азық-түліктің нарығында азық-түліктің керекті көлемі мен ассортиментінің болуы»
А.С. Елагина	«Азық-түлік тауарларының қажетті мөлшері мен тағамдық құндылықтарының жеткілікті мөлшерде болуы»
Гебремариам, М.К., Ваке-Круселлас, К., Андерсен, Л.Ф.	Аталған авторлар «Азық-түліктің қолжетімділігінің көрінісі болып тағамдардың қажетті ұсынысының болуының көрінісі» деп айқындаған
Каролин Б. Уэббер, Джеффри Собол, Джейми С. Доллахайт.	«Азық-түліктің қолжетімділігі – тұтынушылардың, соның ішінде жеке тұлғалардың қолайлы және жеткілікті тамақтануы»
Ескертпе: Кесте автормен [17, 18, 19, 20, 21] дереккөздер негізінде құрастырылған	

Азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік түсініктерінің заңманалық реттелуі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» және 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңдарымен реттеледі.

Жалпы, азық-түлік қауіпсіздігі мониторингі мәселесін зерттеуде Эндрю Д. Джонс, Фрэнсис М. Нгуре, Гретель Пелто, Сера Л. Янг [22], жапон ғалымдары Киранг Ким, Ми Кён Ким, Чон Шин [23], Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан Хартвиг де Хаен 1, Брайан Томпсон [24] сияқты ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Азық-түлік жүйелері мен қауіпсіздігі мәселесіне климаттың өзгеруінің әсері туралы заманауи ғалымдардың ішінен Нельсон Г.С., Розегрант М.В., Палаццо А., Грей И., Ингерсолл С., Робертсон Р., Токгоз С., Жу Т., Сульсер Т.Б., Ринглер С. Атап өтуге болады. Олардың еңбектері әсіресе азық-түлік қауіпсіздігіне алдағы уақыттарда климаттың өзгеруі қаншалықты әсер ететіндігін зерттеуге, ықтимал сценарийлерді дамытуға арналған [25].

Халықтың өсуі, көші-қон, урбанизация, қартаю және үй шаруашылығының бейімделуі сияқты мәселелердің ауыл шаруашылығына әсерін шұғыл түрде зерттеуді қажет ететіндігін Стивенсон Дж., Ньюман К., Мэйхью С. өз еңбектерінде атап өткен [26].

Жалпы, азық-түлік қауіпсіздігі тақырыбы, соның ішінде азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі мәселесі жаһандық деңгейде де, жергілікті деңгейде де белсенді зерттелуде.

Қазіргі әлемдік экономикалық, саяси, экологиялық жағдайларды ескере отырып, зерттеулер, әсіресе халық үшін азық-түлікке тұрақты қол жетімділікті қамтамасыз ету, азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды талдау және жағдайды жақсарту стратегияларын әзірлеуге бағытталған. Тұрақты херттеулер мен бағалаулар осы саладағы мәселелерді шешу тәсілдерін бейімдеуге мүмкіндік береді деп пайымдаймын.

1-ТАРАУ. АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТҮСІНІГІ МЕН ЖҮЙЕСІ

1.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТҮСІНІКТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ, НОРМАТИВТІК РЕТТЕЛУІ

Азық-түлік қауіпсіздігінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары, халықаралық шарттар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының заңдары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін құқықтық реттеу негіздерін белгілейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды [27].

Азық-түлік қауіпсіздігі әрбір мемлекеттің аграрлық және экономикалық саясатының басты бір бағыттарының бірі және ұлттық қауіпсіздіктің негізі болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі болмаған жағдайда елдің басқа да ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөліктері өзінің маңыздылығын жоғалтады.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі азық-түлік қауіпсіздігінің мәні заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңында бекітілген.

Оған сәйкес, **азық-түлік қауіпсіздігі** дегеніміз мемлекеттің халықтың тұтынуының және демографиялық өсуінің физиологиялық нормаларын қанағаттандыруға жеткілікті сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына қолжетімділігін қамтамасыз ете алатын экономиканың жай-күйін айтады.

Бұл ретте, аталған заңның 22-бабына сәйкес, елдің экономикалық қауіпсіздігі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың **азық-түлік** тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шешімдермен және іс-қимылдармен қамтамасыз етілетіндігі аталып өткен.

Азық-түлік қауіпсіздігінің ұлттық экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасының бөлігі ретінде қарастырылуының мәні - қоғамның өзекті қажеттіліктерін, соның ішінде азық-түлікке деген сұранысын барынша қанағаттандыруға мүмкіндік беретін мемлекеттің экономикалық деңгейін қамтамасыз ету, азық-түлік тауарларының жеткілікті мемлекеттік резервтеріне ие болу, оң төлем және сауда баланстарына қол жеткізу [28].

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңына ұлттық мүдделер қатарына азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында отандық агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту қажеттілігі енгізілген деп пайымдаймын.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, **мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету** агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттарының бірі болып табылған.

Осы заңның 12-бабына сай, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында аграрлық азық-түлік нарықтарын мемлекеттік реттеу:

1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік-тарифтік, тарифтік емес реттеу шараларымен ішкі нарықты қорғау, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Ал 19-1-бабының 1-тармағына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өлшемдері мен негізгі бағыттары болып:

1) **азық-түлік тауарларына нақты (физикалық) қолжетімділігі;**

2) азық-түлік тауарларына экономикалық қолжетімділігі;

3) тағамдық өнім қауіпсіздігінің кепілдігі табылады.

Олардың ішінде ең негізгі критерий болып – **азық-түлік тауарларының нақты (физикалық) қолжетімділігі табылады.** Ол елдің бүкіл аумағында кез-келген уақытта халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті азық-түліктің болуымен сипатталады.

Аталмыш баптың 2-тармағында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі 5 бағыты көрсетілген. Оларға:

1) ішкі аграрлық азық-түлік нарығын молықтыру үшін, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы өнімі мен оның тереңдете қайта өңделген өнімдерін өндірушілерді қолдау арқылы молықтыру үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) азық-түліктің ішкі ресурстарына қатысты азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингі;

3) азық-түлік тауарларына сұраныс пен ұсынысты болжау;

4) тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) орталық атқарушы органдар мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілерімен өзара іс қимылы жатқызылған.

Азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингін жергілікті атқарушы органдардың, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның және мемлекеттік статистика саласында басшылықты, оның ішінде нақты уақыт режимінде басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның деректері негізінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілеттік орган жүргізеді.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілеттік орган азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингі негізінде азық-түлік қауіпсіздігі саласында мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастырады.

Осылайша, аталған заңға сәйкес, республикадағы азық-түлік тауарларының жылдық өндірісі физиологиялық тұтыну нормаларына сәйкес халықтың жылдық қажеттілігінің сексен пайызынан төмен болса, онда Қазақстан Республикасының азық-түлік тауарларының түрлері бойынша тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген деп есептеледі [29].

Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының жарғысын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 21 қарашадағы заңының 1-бабы 13-тармағына сай, азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз кез-келген уақытта адамдардың салауатты және белсенді өмір сүруі үшін өз диеталық қажеттіліктерін және тағамдық талғамдарын қанағаттандыруға жеткілікті, қауіпсіз және нәрлі азық-түлік өнімдеріне экономикалық, әлеуметтік, физикалық және қаржылай қолжетімділігі болатын жағдайды білдіреді [30].

Жалпы, 2022-2024 жылдар аралығында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 178 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022–2024 жылдарға арналған жоспарында» көзделген.

Жоспарға сәйкес, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету келесі тетіктер арқылы іске асырылады:

- **азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі** (ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді дамыту, өсімдік шаруашылығында әртараптандыруды жүргізу, суарудың су үнемдеу технологияларын қолдана отырып суармалы жерлер алаңын ұлғайту, ауыл шаруашылығы жануарларының басын ұлғайту және мал шаруашылығында өнімділікті арттыру, АӨК-де мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру, АӨК-те білім беруді және білімді тарату жүйесін дамыту және т. б.);

- **азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі** (ілеуметтік маңызды тауарларға бағаларды болжау алгоритмін әзірлеу, халықтың әлеуметтік осал топтарын атаулы қолдауға бағаларды әкімшілік реттеуден көшу жөніндегі шаралар, тұрақтандыру қорлары қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек бағалардың шекті мәндерін белгілеу қағидаларын жетілдіру және т. б.);

- **тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі** (эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету, қадағалаудың ақпараттық жүйесін енгізу, жануарлардың жұқпалы ауруларының өршуін эпизоотиялық мониторингтеу және болжау, тамақ өнеркәсібі саласындағы ұлттық стандарттау жоспары шеңберінде стандарттарды қабылдау және т.б.) [31].

1.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН МОНИТОРИНГЛЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қазіргі уақытта азық-түлік жағдайын бағалау үшін әлемде бірнеше әдістер бар. Халықаралық деңгейде оларға Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі, 1996 жылдан бастап БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы өткізетін жыл сайынғы мониторингін, 2016 жылдан бастап жүзгізілетін 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібі аясындағы азық-түлік қауіпсіздігі және тамақтану негізінде жүзгізілетін мониторингті айтуға болады.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 19-2-бабына сай азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингі азық-түлік тауарлары өндірісінің көлеміне, олардың тауар қозғалысына және қорларының болуы және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына қатысты жүргізіледі [29].

Азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін бағалау үшін елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі критерийлері және оларға сәйкес статистикалық көрсеткіштер негізінде мониторинг жүргізу қажет. Мониторингтің өзі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды, бірақ мемлекеттік басқару органдарының шешімдер қабылдауға және жүзеге асыруға қажетті іс-шараларға қол жеткізу және анықтаудың маңызды элементі болып табылады.

Біздің елімізде азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін есептеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығымен бекітілген Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады. Оған сәйкес, азық-түлік тауарларының түрлері бойынша азық-түлік тәуелсіздігі, егер олардың елдегі жылдық өндірісі ішкі тұтынудың кемінде сексен пайызын құраса, қамтамасыз етілген болып саналады [32].

Есептеу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін қоса отырып [33], халықтың негізі ең көп тұтынатын азық-түлік тауарлар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған бұйрыққа сай, әдістемелік ұсынымдарға сәйкес есептелген азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейі ішкі нарықты отандық азық-түлік тауарларымен молықтыру және импортты алмастыру үшін пайдаланылады.

Азық түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейі отандық өндіріс көлемінің ішкі тұтыну көлеміне қатынасына тең:

$$АТҚД = \frac{\Theta_k}{Ітк} * 100\% \text{ (1-ші формула)}$$

мұнда:

Өк – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі, тонна

Ітк – азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі, тонна.

Азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі елдің отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуін, импортқа тәуелділік деңгейін көрсетеді және келесі формула бойынша есептеледі:

$$НІТ = \Theta_k + И_k - Э_k \text{ (2-ші формула)}$$

мұнда:

Өк – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі, тонна

Ик – азық-түлік тауарлары импортының көлемі, тонна

Эк – азық-түлік тауарлары экспортының көлемі, тонна.

Тиісті баланстар бойынша «өндіріс көлемі» бабы келесі деректерден құралады:

астық балансы бойынша - дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды шаруашылықтардың барлық санаттарында жалпы жинау (пысықталғаннан кейінгі салмақта);

астық өңдеу өнімдерінің балансына - ұн және жарма өндірісі;

картоп пен картоп өнімдерінің балансы - барлық санаттағы шаруашылықтарда картоптың жалпы жиналуы;

көкөністердің, бақша дақылдарының және оларды қайта өңдеу өнімдерінің теңгеріміне – шаруашылықтардың барлық санаттарында көкөністер мен бақша дақылдарын жалпы жинау;

жемістердің, жидектердің және оларды қайта өңдеу өнімдерінің балансына - шаруа қожалықтарының барлық санаттағы жемістердің жалпы алымы;

өсімдік майының балансы - өсімдік майының өндірісі;

қант балансы - қант өндірісі;

сүт және сүт өнімдерінің балансы - шаруашылықтардың барлық санаттарындағы сүттің және одан өндірілетін қайта өңдеу өнімдерінің көлемі;

ет және ет өнімдерінің теңгеріміне – мал, жылқы, қой, шошқа мен құс етінің өндірісі жатады;

жұмыртқа өндірісіне – барлық санаттағы шаруашылықтардағы тауық жұмыртқасын өндіру көлемі;

балық пен балық өнімдерінің өндірісіне - балық аулау көлемі жатады.

«Импорт» шығу тегі шетелдік өнімнің алып келу көлемі;

«Экспорт» бабы - отандық өнімді әкету бойынша статистикалық мәлімет.

Азық-түлік тауарлары импортының үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{АТИҮ} = \frac{\text{Ик}}{\text{НІТ}} * 100\% \text{ (3-ші формула)}$$

мұнда:

Ик – азық-түлік тауарлары импортының көлемі, тонна

НІТ – азық-түлік тауарларының нақты тұтынуы, тонна.

Айта кететін жайт, 2-формула азық-түліктің маңызды түрлерінің балансы болып табылады. Балансты әзірлеудің мақсаты болып азық-түлік тауарларының қалыптастыру көздері, ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттың негізгі түрлерінің негізгі ресурстарын, оларды пайдалану бағыттарын есептеу болып табылады.

Ресурстар мен өнімді пайдалану балансының деректері негізінде азық-түлік қауіпсіздігі, оның ішінде азық-түлік тәуелсіздігі, азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша көптеген көрсеткіштер есептеледі. Баланс арқылы ішкі нарықтың азық-түліктің негізгі түрлерімен қамтамасыз етілу деңгейін, өз өндіріс көлемі мен импорт есебінен ел нарығының азық-түлікке қанағаттану дәрежесін толық

анықтауға, ішкі нарық үшін азық-түлік тауарларына деген қажеттілік және өндірістік қуаттардың тиісті көлемі туралы ақпарат алуға болады.

Баланстарды қалыптастыру үшін ақпарат көздері болып мемлекеттік статистикалық деректер, оның ішінде ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, қайта өңдейтін кәсіпорындардың, ауыл шаруашылығы өнімін сатумен айналысатын ұйымдар, кеден статистикасы пайдаланылады.

Азық-түлік қауіпсіздігінің жағдайына мониторинг жүргізудің екінші механизмі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 296 Қаулысы негізінде жүзеге асады [34].

Аталған қаулыға сай, азық-түлік қауіпсіздігінің жағдайының мониторингі:

1) азық-түлік тауарлары өндірісінің көлеміне, олардың тауар қозғалысына және қорларына;

2) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына қатысты жүргізіледі.

Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін мониторингтеу негізгі 24 көрсеткіш бойынша жүзеге асады. Оларға:

1) Жалпы егістік алқаптарынан суару үшін жарамды егістік жерлердің үлесі, %;

2) Жолдардың жалпы ұзындығынан қатты жабынды жолдардың үлесі, барлық жолдардан %;

3) 100 шаршы километр алаңға шаққанда автожолдардың тығыздығы;

4) 100 шаршы километр алаңға шаққанда теміржолдардың тығыздығы;

5) Жалпы халық саны бойынша қалыпқа келтірілген азық-түлікті тұтынудың қалыпты деңгейі жоқ халықтың белгілі бір бөлігінің жеткілікті тамақтанбауы, күніне бір адамға ккал;

6) Нарықтағы қолжетімді жалпы дәнді дақылдар көлеміндегі дәнді дақылдар импортының үлесі;

7) Жалпы халық санынан тойып тамақтанбау (аштық) қаупі бар аймақтағы халықтың үлесі;

8) 5 жасқа дейінгі жүдеу балалардың пайызы;

9) Өсуі жағынан артта қалған 5 жасқа дейінгі балалардың пайызы;

10) Салмағы жеткіліксіз 5 жасқа дейінгі балалардың пайызы;

11) Салмағы жеткіліксіз ересектердің пайызы;

12) Жүкті әйелдер арасында қаназдықтың таралуы;

13) 5 жасқа дейінгі балаларда қаназдықтың таралуы;

14) Халық арасында А дәрумені тапшылығының таралуы;

15) Халық арасында йод тапшылығының таралуы;

16) Қалалар мен ауылдық елді мекендердегі халықтың сумен жабдықталу қызметтеріне қолжетімділігі;

17) Қалыптасқан тауар теңгерімінің қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бөлігінде ішкі өндіріспен қамтамасыз етілу;

18) Азық-түлік импорты құнының барлық тауарлар экспорты құнының жалпы көлеміне арақатынасы;

19) Халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (сатып алу қабілетіне баламада);

20) Өндіруші кәсіпорындардың тамақ өнімдеріне қойған баға индексі;

21) Халықтың ең кедей бөлігінің азық-түлікке арналған шығыстарының үлесі;

22) Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне қойған баға индексі;

23) Азық-түлік тауарларына баға индексі;

24) Азық-түлік тауарлары қалдығының көлемі.

Бұндағы көрсеткіштер:

1-көрсеткіш бойынша – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлеміне;

2-ден 18-ге дейін – азық-түлік тауарларының тауар қозғалысына;

19-дан 23-ке дейін – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына;

24-көрсеткіш – азық-түлік тауарлары қорларының болуына қатысты көзделген азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына жүргізілетін мониторингтің бағыттарын қамтиды.

Атап өтетін жайт, бұл механизм БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының әдіснамасы бойынша, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тауар теңгерімін қалыптастыру, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ведомствосының әдіснамалары бойынша, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа немесе фермер қожалықтарында, астық қабылдау пункттері мен элеваторларда, сауда орындарында, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларында азық-түлік тауарларының қалдықтарын жинақтау жолымен жүзеге асырылады, яғни азық-түлік жүйелерінің барлық дерлік мүдделі тараптарын қаптиды.

Талдау мақсаты Қазақстан Республикасының ДЭФ ЖБИ рейтингіндегі дамыған 30 елден артта қалуын анықтау болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 бұйрығымен Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бекітілген [35].

Тұтынудың физиологиялық нормалары азық түлік қауіпсіздігін бірнеше аспектілер бойынша бақылауда маңызды рөл атқарады, соның ішінде: халықтың денсаулығына қажетті қоректік заттардың мөлшерін анықтауға, азық-түлік тапшылығын болжауға, ресурстарды тиімді пайдалануға және артық тұтынудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын жалпы сақтау азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды көрсеткіші болып табылады және олардың мониторингі қажет болған жағдайда жағдайды жақсарту үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары:

1. Тамақ өнімдерін тұтынудың жан басына шаққандағы орташа тиімді нормалары;

2. Қазақстан Республикасында ер адамдардың кейбір жыныс-жас топтары (балалар, жасөспірімдер, қарт адамдар) үшін тамақ өнімдерін тұтынудың тиімді нормалары;

3. Қазақстан Республикасында әртүрлі дәрежелі ауыр жұмыспен айналысатын 18 және одан жоғары жастағы ер адамдар үшін тамақ өнімдерін тұтынудың тиімді нормалары;

4. Қазақстан Республикасында әйел адамдардың кейбір жыныс-жас аралық топтары (балалар, жасөспірімдер, қарт адамдар) үшін тамақ өнімдерін тұтынудың тиімді нормалары;

5. Қазақстан Республикасында әртүрлі дәрежелі ауыр жұмыспен айналысатын 18 және одан жоғары жастағы әйел азаматтар үшін тамақ өнімдерін тұтынудың тиімді нормалары;

6. Тиімді тамақтану тағам ұсынылатын жиынтығының ұсынылатын тәуліктік тұтыну нормасының энергетикалық және тағамдық құндылығының сипаттамасы;

7. Орта есеппен жан басына шаққандағы өнімнің тәуліктік тұтынудың тиімді нормасының энергетикалық және тағамдық құндылығы;

8. Қазақстан Республикасының әртүрлі әлеуметтік топтары үшін негізгі тағам өнімдерін тұтынудың ең төменгі тиімді нормалары;

9. Қазақстан Республикасы ерлерінің әртүрлі жас топтары үшін негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі тиімді нормалары;

10. Қазақстан Республикасы әйелдерінің әртүрлі жас топтары үшін негізгі тағам өнімдерін тұтынудың ең төменгі тиімді нормалары;

11. Қазақстан Республикасы халқының әртүрлі әлеуметтік топтары үшін негізгі тағам өнімдерін тұтынудың ең төменгі тиімді нормаларының химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы;

12. Ер адамдардың әртүрлі жас топтары үшін негізгі тағам өнімдерін тұтынудың ең төменгі тиімді нормаларының химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы;

13. Әйел адамдардың әртүрлі жас топтары үшін негізгі тағам өнімдерін тұтынудың ең төменгі тиімді нормаларының химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы туралы ақпараттан тұрады.


Алайда, тамақтанудың рационалды нормалары адамның жасы, жынысы, физикалық белсенділігін ескере отырып, оның пайдалы қоректік заттар мен энергетикалық құндылықтарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге арналған минималды норма екендігін атап өткен жөн.

Аталған тұтыну нормалары медицина, диетология, физиология ғылымдарының деректеріне негізделіп, түрлі аурулардың алдын-алу, әлеуметтік қорғау сияқты мәселелерді шешуге де бағытталады.

Сол себепті елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешу, соның ішінде, азық-түлік өнімдерін өндіру көлемін жоспарлаған кезде толығымен тұтынудың физиологиялық нормаларына ғана негізделу аталған мәселе бойынша толық қажеттілікті көрсетпейді деп пайымдаймын.

1.3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ НАРЫҒЫНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ДЕНГЕЙІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ, ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІК ДЕНГЕЙІ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес азық-түлік тауарларының негізгі түрлері бойынша ішкі нарықтың отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі 80% және одан да көп пайызды құрайды.



1-диаграмма – Ішкі нарықтың кейбір азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейі

Ескертпе: Автормен [38] дерекөз негізінде құрастырылған

Алайда, қазіргі кезде алты тауарлық позиция бойынша импортқа тәуелділік, ұсақ және орта өндірушілердің өткізу тізбегіне тартылудың әлсіздігі, олардың ұсақ тауарлылығы мен өнім жеткізудегі тұрақсыздығына байланысты орта және ұсақ фермерлер үшін сауда объектілеріне қол жеткізудің қиындығы сақталуда [36].


2-кесте - 2023 жыл қорытындысы бойынша негізгі азық-түлік тауарлары түрлермен қамтамасыз ету жөніндегі ақпарат

№	Атауы	Өндірілуі, тонна	Экспорт*, тонна	Импорт*, тонна	Тұтыну, тонна	Ішкі тұтытудағы импорттың көлемі, %	Отандық өндіріс есебінен қамтамасыз ету, %
1	Картоп	3 788 118	411 433	54 905	3 431 590	2	110
2	Сәбіз	557 079	18 689	26 016	564 406	5	99
3	Пияз	1 127 997	117 312	199 382	1 210 067	16	93
4	Қырыққабат	547 626	15 390	45 409	577 646	8	95
5	Қызылша	179 159	1 950	22 412	199 620	11	90
6	Бұрыш	327 424	1 550	20 647	346 520	6	94

2-кестенің жалғасы

7	Қызанақ	926 376	17 143	55 799	965 032	6	96
8	Қияр	621 206	5 606	16 074	631 675	3	98
9	Бидай ұны	3 275 634	1 958 400	53 610	1 370 844	4	239
10	Нан	506 578			506 578		100
11	Күріш	205 096	115 807	29 219	118 508	25	173
12	Рожки	156 444	50 936	36 220	141 728	26	110
13	Қарақұмық жармасы	20 225	2 788	3 783	21 220	18	95
14	Күнбағыс майы	672 112	372 797	89 446	388 761	23	173
15	Сүт	598 679	4 365	31 775	626 088	5	96
16	Ашытылған сүт өнімдері	228 460	6 952	37 649	259 157	15	88
17	Сары май	31 123	1 624	8 943	38 442	23	81
18	Қой еті	158 327	7 860	32	150 498	0	105
19	Жылқы еті	167 620	0,2	2 930	170 550	2	98
20	Сиыр еті	544 304	15 768	11 347	539 884	2	101
21	Шошқа еті	109 289	40	6 737	115 986	6	94
22	Тауық жұмыртқасы, дана	4 919 897	175 900	286 900	5 030 897	6	98
23	Тұз	356 262	231 384	24 332	149 210	16	239
24	Құс еті	328 567	31 490	152 464	449 540	34	73
25	Балық	46 942	13 105	45 013	78 850	57	60
26	Алма	251 475	35 833	97 651	313 293	31	80
27	Ірімшіктер мен сүзбе	43 855	3 019	55 190	96 026	57	46
28	Шұжық өнімдері	67 317	314	44 933	111 936	40	60
29	Қант	222 900	19 025	302 990	506 865	60	44

Ескертпе: Кесте автормен [37, 38] дереккөздер негізінде құрастырылған



1-диаграмма – Ішкі нарықтың кейбір азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейі

Ескертпе: Автормен [38] дереккөз негізінде құрастырылған

Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін есептеу нәтижесі ішкі арық отандық өндіріс есебінен азық-түлік тауарларының негізгі түрлерімен 80 және одан да көп пайыз қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

Бүгінгі таңда отандық өндіріс есебінен азық-түлік тауарларының негізгі 29 түрі бойынша ішкі нарықтың қамтамасыз етілуі 80 пайыздан жоғары құрайды.

Оның ішінде 9 тауар позициясы (картоп, бидай ұны, нан, күріш, макарон, күнбағыс майы, қой еті, сиыр еті, тұз) бойынша ішкі нарық 100% және одан да көп пайызбен, ал 14 азық-түлік тауарлары (сәбіз, қырыққабат, пияз, асхана қызылшасы, бұрыш, қызанақ, қияр, қарақұмық, сүт, ашытылған сүт өнімдері, сары май, жылқы еті, шошқа еті, жұмыртқа) бойынша 80% және одан да көп қамтамасыз етілген.

Жеке тауарлар бойынша ішкі нарықта импортқа тәуелділік бар, олар алма, құс еті, шұжық өнімдері, ірімшіктер мен сүзбе, қант, балық.

Физикалық қолжетімділік деңгейіне тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып азық-түлік тауарларын өндіру табылады. Төменде 2021 және 2022 жылдары азық-түліктің өндіру көлемдері көрсетілген.

3-кесте - 2020-2022 жылдары отандық өндірістің азық-түлік тауарларын өндіру көлемі жөніндегі ақпарат

№	Атауы	Өндіріс көлемі, тонна			+/-, %	Қамтамасыз ету деңгейі, %			+/-
		2021	2022	2023		2022	2022	2023	
1	Картоп	4 031 582	4 080 469	3 788 118	-6	103	104	110	7
2	Сәбіз	624 556	621 400	557 079	-11	92	90	99	7
3	Пияз	1 059 600	1 114 487	1 127 997	6	89	93	93	4
4	Қырыққабат	557 049	551 450	547 626	-2	89	86	95	6
5	Қызылша	193 531	193 375	179 159	-7	93	88	90	-3
6	Бұрыш	236 852	321 194	327 424	38	94	92	94	0
7	Қызанақ	943 398	909 087	926 376	-2	97	106	96	-1
8	Қияр	709 882	637 294	621 206	-12	100	99	98	-2
9	Бидай ұны	3 093 527	3 318 172	3 275 634	6	186	236	239	53
10	Нан	527 163	518 626	506 578	-4	100	100	100	0
11	Күріш	210 686	223 935	205 096	-3	220	177	173	-47
12	Макарон	159 760	166 101	156 444	-2	124	123	110	-14
13	Қарақұмық жармасы	31 001	31 000	20 225	-35	112	111	95	-17
14	Күнбағыс майы	331 128	537 149	672 112	103	99	134	173	74
15	Сүт	611 047	573 323	598 679	-2	101	98	96	-5
16	Ашытылған сүт өнімдері	232 170	230 132	228 460	-2	89	89	88	-1
17	Сары май	27 176	24 850	31 123	15	98	86	81	-17
18	Қой еті	175 510	155 670	158 327	-10	101	107	105	4
19	Жылқы еті	151 199	157 190	167 620	11	98	98	98	0
20	Сиыр еті	540 216	533 249	544 304	1	98	102	101	3
21	Шошқа еті	83 745	78 279	109 289	31	93	91	94	1

3-кестенің жалғасы

22	Тауық жұмыртқасы, дана	4 814 669	5 027 086	4 919 897	2	101	101	98	-3
23	Тұз	222 656	222 656	356 262	60	100	100	100	0
24	Құс еті	272 606	293 172	328 567	21	65	68	73	8
25	Балық	40 289	47 495	46 942	17	66	74	60	-6
26	Алма	262 809	267 928	251 475	-4	74	76	80	6
27	Ірімшіктер мен сүзбе	36 963	36 773	43 855	19	56	53	46	-10
28	Шұжық өнімдері	60 736	65 787	67 317	11	56	61	60	4
29	Қант	226 791	282 894	222 900	-2	43	51	44	1
Ескертпе: Кесте автормен [37, 38] дереккөздер негізінде құрастырылған									

Кестеден 29 азық-түлік тауарларының жартысының көбі бойынша өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады, оларға: картоп, сәбіз, қырыққабат, қызылша, қызанақ, қияр, нан, күріш, макарон, қарақұмық, сүт, айран, қой еті, алма, қант жатады.


Ішкі нарықты қамтамасыз ету деңгейіне келетін болсақ, 12 тауар бойынша (қызылша, қызанақ, қияр, күріш, макарон, қарақұмық, сүт, айран, сары май, жұмыртқа, ірімшік, балық) теріс үрдіс байқалады.

Нан, жылқы еті, бұрыш бойынша қамтамасыз ету деңгейі бұрынғы деңгейде қалып отыр.

13 тауар позициясы бойынша қамтамасыз етудің өсуі байқалады.

Сонымен, ірімшік және сүзбе, балық, тауық жұмыртқасы, сары май бойынша қамтамасыз ету деңгейінің төмендеуі олардың өндірісі көлемнің азаюымен байланысты деп болжауға болады.

Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген есептеулер ішкі нарықты қамтамасыз ету деңгейінің төмендеуі әрқашан тауар өндірісінің көлемінің төмендеуіне байланысты емес екенін көрсетеді.



2-диаграмма – Ішкі нарықтың кейбір азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейі

Ескертпе: Автормен [38] дереккөз негізінде құрастырылған

Мысалы, картоп, сәбіздің, қырыққабат, қой етінің өндіріс көлемінің кемуі кезінде қамтамасыз ету деңгейі жоғарылаған, сары май мен балықты өндірісі артуына қарамастан, қамтамасыз етілу деңгейі төмендеген.

Осылайша, ішкі нарықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету деңгейіне басқа көрсеткіштер (импорт, экспорт көлемдері) де әсер етеді деген қорытынды жасауға болады.

4-кесте - Соңғы 8 жылдағы азық-түліктің қолжетімділік деңгейі туралы ақпарат

№	Атауы	Отандық өндіріс есебінен қамтамасыз ету, %							
		2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
1	Картоп	100	107	103	107	109	103	104	110
2	Сәбіз	98	96	93	97	96	92	90	99
3	Пияз	90	98	91	98	90	89	93	93
4	Қырыққабат	95	95	94	98	94	89	86	95
5	Қызылша	97	97	90	86	91	93	88	90
6	Бұрыш	94	91	93	93	94	94	92	94
7	Қызанақ	94	93	95	98	97	97	106	96
8	Қияр	99	99	99	101	100	100	99	98
9	Бидай ұны	251	245	251	191	209	186	236	239
10	Нан	100	100	100	100	100	100	100	100
11	Күріш	152	256	242	165	188	220	177	173
12	Макарон	92	92	102	108	117	124	123	110
13	Қарақұмық жармасы	105	171	173	133	113	112	111	95
14	Күнбағыс майы	90	100	91	94	109	99	134	173
15	Сүт	95	98	101	103	102	101	98	96
16	Ашытылған сүт өнімдері	86	89	90	90	89	89	89	88
17	Сары май	65	73	80	93	81	98	86	81
18	қой еті	100	101	102	102	101	101	107	105
19	жылқы еті	99	98	98	98	99	98	98	98
20	сиыр еті	98	97	98	96	97	98	102	101
21	шошқа еті	99	98	98	99	96	93	91	94
22	Жұмыртқа, мың дана	103	108	112	106	101	101	101	98
23	Тұз	152	239	256	147	197	100	100	100
24	Құс еті	49	52	51	58	58	65	68	73
25	Балық мұздатылған	70	60	61	61	75	66	74	60
26	Алма	65	59	66	63	73	74	76	80
27	Ірімшіктер мен сүзбе	55	59	58	57	51	56	53	46

4-кестенің жалғасы

28	Шұжық	59	61	61	62	61	56	61	60
29	Қант	82	72	44	47	31	43	51	44
Ескертпе: Кесте автормен [37, 38] дереккөздер негізінде құрастырылған									

Жоғарыда көрсетілгендей және қамтамасыз ету жөніндегі деректер көрсетіп отырғандай, бүгінгі күні мемлекет 6 негізгі тауар: құс еті, балық, алма, ірімшік және сүзбе, шұжық өнімдері мен қант бойынша отандық өндіріс есебінен азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алмайды.

Бұл ретте, барлық импортқа тәуелді тауарлардың алтауының үшеуі бойынша оң динамика байқалса (құс еті, алма, шұжық еті), қалған үшеуі болса (балық, ірімшік және сүзбе, қант) бойынша қамтамасыз ету деңгейі төмендеген, соның ішінде:

Мәселен, соңғы 8 жылда қамтамасыз ету деңгейі:

ірімшіктер мен сүзбе бойынша 4%-ға;


қант бойынша - 38% төмендеді.

Бұл ретте, сары май бойынша 8 жыл ішінде импортқа тәуелділіктен құтылып, ішкі нарық 81% - ға қамтамасыз етілгенін атап өткен жөн. Қамтамасыз ету үлесі 16% - ға (65% - дан 81% - ға дейін) ұлғайтылды. Сонымен қатар, құнбағыс майы бойынша қамтамасыз етілу деңгейі 1,9 есе көбейгенін атап өткен жөн (2016 жылы 90%-дан 2023 жыл қорытындысы бойынша 173%).



3-диаграмма – Ішкі нарықтың 2016-2023 жылдары құнбағыспен қамтамасыз етілу деңгейі

Ескертпе: Автормен [38] дереккөз негізінде құрастырылған




4-диаграмма – Ішкі нарықтың 2016-2023 жылдары қантпен қамтамасыз етілу деңгейі

Ескертпе: Автормен [38] дерекөз негізінде құрастырылған

1.4. ҚАЗАҚСТАНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САҚТАУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ (АСТЫҚ, ЖЕМІС-КӨКӨНІС ҚОЙМАЛАРЫ) КӨЛЕМІ

Қазіргі кезде елдің өз өндірісі арқылы азық-түлікті өндіруі жеткіліксіз деп есептеймін. Себебі, азық-түлік өнімдерін өңдеу, орау, сақтау, тасымалдау және сауда орындарына жеткізе де маңызды. Сол себепті, ел қанша өнім шығара алса да, ауылшаруашылық өнімдерін жеткізетін, сақтайтын нарықтық инфрақұрылымдары жеткілікті дамымаған болса, азық-түліктің физикалық қолжетімділігі төмен болады.



1-сызба – Қазақстан Республикасында азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесі.

Ескертпе: Автормен [39] дерекөзден алынған

Тексеру нәтижелері бойынша бүгінгі күні республика бойынша қуаттылығы 1 968,8 мың тонна көкөністер мен жемістерді сақтайтын барлығы 870 объект болды, оның ішінде қуаттылығы 548,5 мың тонна 243 картоп қоймасы, сыйымдылығы 1 234,7 мың тонна 567 көкөніс қоймасы, сыйымдылығы 185,6 мың тонна 60 жеміс қоймасы. Тоңазытқыш жабдығы бар сақтау объектілерінің жалпы санының 289,5 мың тоннасы (14,7%), 1 253,7 мың тоннасы желдету жабдықтарымен (63,7%), 432,1 мың тоннасы климаттық бақылаусыз (21,6%) жабдықталған.

5-кесте - 2024 жылғы көкөніс сақтау қоймалары туралы ақпарат

Облыс	Көкөніс сақтау қоймаларың жалпы көлемі					
	Барлығы		салқын-датқыш	желдеткіш	климат бақылаусыз	климат бақылаусыз, %
	саны	тонна				
Ақмола	39	87 099	18 150	26 270	42 679	49
Ақтөбе	30	35 474	13 000	18 774	3 700	10,4
Алматы	44	83 700	30 850	42 300	12 430	14,9
Атырау	6	30 200	-	30 200	-	-
ШҚО	16	63 140	2 995	49 750	10 395	16,5
Жамбыл	204	308 608	33 055	88 800	186 753	60,5
БҚО	54	69 035	17 000	43 035	9 000	13
Қарағанды	138	344 120	25 700	318 420	-	-
Қостанай	52	88 223	6 000	46 653	35 570	40,3
Қызылорда	10	13 294	4 930	6 894	1 470	11,1
Маңғыстау	4	18 350	-	2 500	15 850	86,4
Павлодар	141	523 600	62 400	420 290	40 910	7,8
СҚО	58	59 441	6 720	35 320	17 401	29,3
Түркістан	27	97 565	46 515	45 950	5 100	5,2
Абай	13	51 860	900	20 750	30 210	58,3
Жетісу	25	35 050	4 000	10 800	20 670	59
Ұлытау	-	-	-	-	-	-
Астана	3	18 000	2 000	16 000	-	-
Алматы	-	-	-	-	-	-
Шымкент	6	42 000	15 308	31 000	-	-
Барлығы	870	1 968 759	289 523	1 253 706	432 138	21,9

Ескертпе: Кесте ҚР АШМ деректері негізінде құрастырды

Бұл ретте кейбір өңірлерде көкөніс сақтау қоймаларының көлемдерінің жетіспеушілігі көрінеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сай, Астана қаласында небары 18 мың тонна көкөністі сақтау мүмкіндігі бар 3 көкөніс сақтау қоймасы ғана бар. 1,4 млн. тұрақты халқы бар қала үшін 18 мың тонна сақтау сыйымдылығы әрине жеткіліксіз. Айта кететін жайт, бұл республика бойынша ең төмен көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, төмен көрсеткіштер Қызылорда (13,3 мың тонна болатын 10 объект), Маңғыстау (18,4 мың тонна болатын 4 объект), Атырау (30,2 мың тонна болатын 6 объект), Ақтөбе облыстарында (35,5 мың тонна болатын 30 объект) байқалады.

Бұл ретте, жалпы республика бойынша көкөніс сақтау қоймаларымен орташа қамтылу деңгейі 86% құрағанымен, жекеленген өңірлерде көкөніс сақтау қоймаларына деген тапшылық байқалады, олардың қатарына:

- Алматы қаласы – 0%;
- Астана қаласы – 7,1%;
- Қызылорда облысы – 18,1%;
- Ақтөбе облысы – 27,3%;
- Маңғыстау облысы – 28,1% жатады.

6-кесте - Қолданыстағы және жоспардағы көкөніс сақтау қоймалары туралы ақпарат

Облыс	Қажеттілік, тн	Қолданыста бар, тн	Қамтылу, %	Жоспарланған көлем		соның ішінде			
				сан	тонна	2024 жыл		2025 жыл	
						ы	ы	саны	тонна
Ақмола	83095,6	87 099	104,8	2	6200	2	6200	-	
Ақтөбе	130179,7	35 474	27,3	3	13300	3	13300		
Алматы	45840,0	83 700	182,6	9	69200	3	43000	6	26200
Атырау	71897,0	30 200	42,0	2	19000	2	19000		
ШҚО	90876,2	63 140	69,5	0	0				
Жамбыл	99059,1	308 608	311,5	1	15000	1	15000		
БҚО	72708,8	69 035	94,9	6	34500	4	21500	2	13000
Қарағанды	173405,2	344 120	198,4	2	32000	1	20000	1	12000
Қостанай	96865,7	88 223	91,1	2	8000	2	8000		
Қызылорда	73541,8	13 294	18,1	4	12500	2	5000	2	7500
Маңғыстау	65218,3	18 350	28,1	1	20000	1	20000		
Павлодар	100182,9	523 600	522,6	0	0				
СҚО	48678,3	59 441	122,1	4	39880	2	6500	2	33380
Түркістан	97610,5	97 565	100,0	6	64000	1	26000	2	15000
Абай	69698,9	51 860	74,4	0	0				
Жетісу	58388,1	35 050	60,0	0	0				
Ұлытау	32918,8	-	0,0	2	4500	1	1000	1	3500
Астана	254647,3	18 000	7,1	1	8000	1	8000		
Алматы	406417,8	-	0,0	0					
Шымкент	224118,6	42 000	18,7	9	34500	3	5500	6	29000
Барлығы	2 295 348,8	1 968 759	86	78	380580	29	218000	22	139580

Ескертпе: Кесте ҚР АШМ деректері негізінде құрастырды

Алдағы екі жылға жоспарланған жеміс – көкөніс өнімдерін сақтаудың жаңа қуаттарын салудың нақты қажеттілігін айта отырып, 2024-2025 жылдары жалпы қуаттылығы 380,6 мың тоннаны құрайтын 78 көкөніс-жеміс сақтау қоймаларының құрылысы жоспарланғанын айта өту қажет. Олардың 57% немесе жалпы сыйымдылығы 218 мың тонна болатын 29 қойма 2024 жылға, ал 43% немесе 139,6 мың тонна болатын 22 қойма 2025 жылға жоспарланған, оның ішінде: Алматы облысында – 69,2 мың тонна, Ақтөбе облысы -13,3 мың тонна, Ақмола -6,2 мың тонна, Атырау - 19 мың тонна, , Жамбыл - 15 мың тонна, Батыс Қазақстан – 34,5 мың тонна, Қарағанды - 32 мың тонна, Қостанай - 8 мың тонна, Қызылорда -12,5 мың тонна, Маңғыстау - 20 мың тонна, Солтүстік Қазақстан –

39,9 мың тонна, Түркістан – 64 мың тонна, Ұлытау - 4,5 мың тонна, Астана қаласы – 8 мың тонна, Шымкент – 34,5 мың тонна жоспарланған.

Айта кететін жайт, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Абай облыстары мен Алматы қаласында көкөніс сақтау қоймаларының жетіспеушіліктеріне карамастан, көкөніс сақтау қоймаларының құрылысы жоспарланбаған.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидалары шеңберінде инвестициялық субсидиялауда қоймалар құруға және жаңғыртуға инвестицияларды ынталандыру мақсатында инвестициялық салымдарды өтеу үлесін құрылыс кезінде 25% - дан 50% - ға дейін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілген болатын.

7-кесте - Астық сақтау қоймалары туралы ақпарат

Облыс	Жалпы сыйымдылығы	Лицензияланған астық қоймалары		Лицензияланбаған астық қоймалары, АШТӨ сақтау қоймалары	
		Қуаты, мың тонна	Саны	Қуаты, мың тонна	Саны
Абай	599,5	199,5	5	400	75
Ақмола	6 882,10	4 490,70	70	2 391,40	458
Ақтөбе	791,6	391,8	7	399,8	81
Алматы	725,8	62,6	2	663,2	97
ШҚО	748,3	313,7	5	434,6	88
Жамбыл	338,5			338,5	52
Жетісу	212,1	14	1	198,1	380
БҚО	752,2	585,8	9	166,4	63
Қарағанды	1 066,20	132,5	4	933,7	553
Қостанай	8 444,60	3 031,90	37	5 412,70	728
Қызылорда	371,5	40	1	331,5	216
Павлодар	1 189,40	277,3	6	912,1	268
СҚО	6 765,70	3 250,50	48	3 515,20	1500
Түркістан	150			150	1
Шымкент қ.	200			200	2
Барлығы	29 951,50	13 082,30	195	16 869,20	4562

Ескертпе: Кесте ҚР АШМ деректері негізінде құрастырды

Астық сақтау қоймаларына келетін болсақ, жалпы республика бойынша 29,9 млн. тонна сыйымдылығы бар қоймалар бар.

Олардың ішінде:

- лицензияланған астық қоймаларының жалпы саны республика бойынша 195 құрайды, олардың жалпы сыйымдылығы 13,1 млн. тоннаны құрайды;

- лицензияланбаған астық сақтау қоймалары мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қоймаларының саны 4562 құрайды, ал жалпы сыйымдылық – 16,8 млн. тонны.

8-кесте - Астық дақылдарын жаппай жинау көлемдері туралы ақпарат

Дақыл	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Астық	17162,2	18673,7	20634,4	20585,1	20276,8	17428,6	20063,3	16375,9	22030,5	17096,6
бидай	12996,9	13747,6	14985,4	14802,9	13946,9	11451,6	14256,0	11814,1	16404,5	12110,9
кара бидай	60,6	37,1	41,3	38,8	22,5	23,2	29,8	39,8	59,8	17,8
арпа	2411,8	2675,4	3231,2	3305,2	3971,6	3830	3659,3	2366,8	3287,2	2613,9
сұлы	226,0	243,8	335,4	284,6	336,1	267	240,2	182,3	229,1	149,7
күріш	377,0	422,2	447,8	489,5	482,9	560,7	556,8	503,8	431,4	485,2
жүгері	664,0	734,1	762,3	784,7	862,1	896	958,1	1129,5	1098,0	1189,1
тары	27,3	34,7	61,2	37,9	40,2	42,6	39,9	35,8	37,2	35,1
қарақұмық	46,5	45,4	89,6	120,4	82,7	44,9	40,1	78,0	89,8	83,5
бұршақ	51,2	87,7	223,6	456,0	409,8	196,5	180,0	159,5	307,9	

Ескертпе: Кесте автормен [38] дереккөз негізінде құрастырылған

Жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес, соңғы 10 жылда астық дақылдарының өнімділігі 17 млн. тонна мен 22 млн. тонна аралығын құраған.

Ең жоғары өнімділік 2022 жылы 22 млн. тоннаны құраса, соңғы 10 жылдағы төмен көрсеткіш өткен жылы 17,1 млн. құрады.

$$\text{Орташа көрсеткіш} = \frac{17,2+18,7+20,6+20,6+20,3+17,4+20,0+16,4+22,0+17,1}{10} = 19,0 \text{ млн. тонна}$$

9-кесте - Динамикалық қатардың барлық негізгі көрсеткіштері

Жылдар	Жалпы жинау, мың. тонна	Абсолютті өсу		Өсу темпі		Өсім темпі		А, %
		1	2	3	4	5 = 3-100	6 = 4-100	
		тізбекті	базалық	тізбекті	базалық	тізбекті	базалық	
2014	17162,2							
2015	18673,7	1511,5	1511,5	108,8	109	9	9	172
2016	20634,4	1960,7	3472,2	110,5	120	10	20	187
2017	20585,1	-49,3	3422,9	99,8	120	0	20	206
2018	20276,8	-308,3	3114,6	98,5	118	-1	18	206
2019	17428,6	-2848,2	266,4	86,0	102	-14	2	203
2020	20063,3	2634,7	2901,1	115,1	117	15	17	174
2021	16375,9	-3687,4	-786,3	81,6	95	-18	-5	201
2022	22030,5	5654,6	4868,3	134,5	128	35	28	164
2023	17096,6	-4933,9	-65,6	77,6	100	-22	0	220

Ескертпе: Кесте автормен құрастырылды

Жалпы онжылдық орташа көрсеткіш 19 млн. құрады. Астық дақылдарын жинаудың онжылдық көрсеткіштерін саралай отырып, қолданыстағы астық сақтау қоймаларының көлемі өндірілетін астықтың көлемін толықсақтауға жеткілікті екендігін көрсетеді.

Алайда, бар астық сақтау қоймаларының 44% жуығы ғана лицензияланған астық сақтау қоймалары екендігін атап өткен жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін нормативтік реттеу бірнеше заңнамалық актілер негізінде жүзеге асады. Оларға «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңдары жатады.

Зерттеу көрсеткендей Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету сұрақтарын толыққанды реттейтін, барлық мәселелер бірізділікпен қарастырылған біртұтас заңнамалық акт жоқ. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бірнеше заң, қаулы мен бұйрықтарда бөлек қарастырылып, салдарынан бұл мәселе біртұтастығын жоғалтқандай.

Ал азық-түлік қауіпсіздігі жағдайының мониторингін жүргізу мәселесіне келетін болсақ, аталмыш сұрақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығымен бекітілген «Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдары» және «Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 296 Қаулысы негізінде жүзеге асады. Жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерді зерделеу азық-түлік қауіпсіздігі мониторингі әлі де жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетті.

Мысалы, Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарында көрсетілген механизмнің негізінде азық-түлік балансын жасау жатыр. Алайда, өрескел кемшілік ретінде бұл механизмде жыл басындағы елдегі азық-түлік түрінің қоры ескерілмейтіндігін атап өтер едім. Бұл дегеніміз – өндірілген өнім көлемі ішкі нарықтағы пайдаланылатын барлық көлем емес, яғни оған жыл басындағы қорды да қосу керек деген сөз. Қолданыстағы бекітілген механизм арқылы жасалған талдау ішкі нарықта негізгі ауыл шаруашылығы тауарларының 6-ы бойынша тапшылық бар екендігін көрсетті. Оларға алма, құс еті, шұжық өнімдері, ірімшіктер мен сүзбе, қант, балық жатады.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін атап өткен кезде елдің өз өндірісі арқылы азық-түлікті өндіруі ғана жеткіліксіз деп есептеймін. Себебі, азық-түлік өнімдерін өңдеу, орау, сақтау, тасымалдау және сауда орындарына жеткізу де маңызды. Сол себепті, ел қанша өнім шығара алса да, ауылшаруашылық өнімдерін жеткізетін, сақтайтын нарықтық инфрақұрылымдары жеткілікті дамымаған болса, азық-түліктің физикалық қолжетімділігі төмен болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау сыйымдылықтарын зерттеу әлі де ішкі нарықта азық-түлікті сақтау қоймаларының тапшылығы бар екендігін көрсетті. Онымен қоса, қолданыстағы қоймалардың барлығы заманауи талаптарға сай емес және географиялық тұрғысынан біркелкі орналаспаған.

2-ТАРАУ. АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

2.1. ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТҮСІНІКТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ, НОРМАТИВТІК РЕТТЕЛУІ

Азық түлік қауіпсіздігінің заманауи тұжырымдамасы 1974 жылы алғаш рет БҰҰ бастамасымен өткен Дүниежүзілік азық-түлік конференциясының баяндамасында рәсімделді. Осылайша, «азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымы «кез келген уақытта азық-түлік тұтынудың тұрақты өсуін қамтамасыз ету және оның ауытқуын азайту үшін әлемдегі негізгі азық түліктің өндіріс және баға тарапынан жеткілікті мөлшерінің болуы» ретінде анықталды.

Өз зерттеуімде Еуропалық Одақ пен Еуразиялық Экономикалық Одақ елдеріндегі азық-түлік қауіпсіздігі, физикалық қолжетімділік түсініктерінің құқықтық негіздері, нормативтік реттелуі мәселесін қарастырдым.

Еуроодақ елінің мысалы ретінде Литва Республикасын, ал Еуразиялық Экономикалық Одақ елдері арасынан Қырғыз Республикасын зерттеуді жөн көрдім.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешудегі интеграцияның рөлін айқындайтын ең сәтті мысалының бірі болып Еуропалық Одақ тәжірибесін айтуға болады. Экономикалық, географиялық, табиғи-климаттық жағдайлары, тамақтану мәдениеті ұқсас 28 ел азық-түлік мәселесінде де ортақ шешімдер қарастырған [40].

Аталған елдердегі ауыл шаруашылығы мен азық-түлік нарығын біріктірудің өзегі болып Ортақ ауыл шаруашылығы саясаты табылады. Рим келісімінің 39-бабына сәйкес мақұлданған кезден бері бүгінгі күнге дейін ол бірнеше мәрте өзгеріске ұшырады [41].

Егер бұрынғы мақсат соғыстан кейінгі жылдары туындаған азық-түлік тапшылығы мәселесін шешу мен шамадан тыс мемлекеттік қолдауды жою болса, қазіргі кезде жахандық сын-қатерлерге тойтарыс беру және азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Еуроодақ шеңберінде азық-түліктік тұрақтылықты сақтау үшін нарықтық интервенциялар жүзеге асырылады. Еуроодақ елдеріне жатпайтын сырт елдерден азық-түлікті импорттау кезінде бірыңғай кедендік тариф қолданылады. Маңызды азық-түлік тауарларын импорттау кезінде түрлі квоталар, салықтық жеңілдетулер енгізілу де қарастырылған.

Сонымен бірге, бағасы жағынан ауытқуларға жиі ұшырайтын негізгі азық-түлік тауарларын, оны ішінде бидай, арпа, жүгері, сиыр еті, май сияқты тауарларды агенттіктер сатып алып, қатаң талаптардың орындалуы жағдайында сақтау механизмі де көзделген. Аталған тауар болашақта белгіленген бағамен нарыққа сатылады. Бұл механизм шаруаларды өндірген тауарын тым төмен

бағамен сатудан, ал тұтынушы үшін қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді, яғни тәуекелдерді азайтып, тұрақтылыққа кепілдік береді [40].

Еуроодақ елдері өндірілетін және импортталатын азық-түлік тауарларының сапасы мен қауіпсіздігіне жіті назар аударады. Егістен үстелге дейінгі әрбір кезең тізбегінде қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуы үшін импортталған тауарларға деген жоғары стандарттар бекітілген [42].

Еуроодақ елдері арасында Литва Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын зерттеу келесіні көрсетті.

ЛИТВА РЕСПУБЛИКАСЫ

Литва Республикасының 1994 жылғы 22 желтоқсандағы «Ауыл шаруашылығындағы экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы» заңы. Бұл заңның мақсаты ауыл шаруашылығы экономикасы субъектілері, мемлекеттік мекемелер мен ауыл шаруашылығы нарығындағы серіктестер арасындағы экономикалық қатынастарды реттеу, осы қатынастарды мемлекеттік реттеудің негізгі шараларын белгілеу, аграрлық саясатты іске асыруға жәрдемдесу және ауыл шаруашылығы нарығының тепе-теңдігін сақтау болып табылады. Ауыл шаруашылығы субъектілері - Литва Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген фермерлік шаруашылықтар, ауыл шаруашылығы компаниялары және басқа да кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы үшін өткізілетін ауыл шаруашылығы өнімдері мен өндірістік қызметтерді сатудан түсетін жылдық табыс 50% - дан астам жалпы табысты құрайды. Ауыл шаруашылығы субъектілері мен мемлекеттік мекемелер мен ауыл шаруашылығы нарығындағы әріптестер арасындағы шаруашылық қатынастар Литва Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен:

- 1) квоталарға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуды қамтамасыз ету;
- 2) азық-түлік тауарларының мемлекеттік қорларының бір бөлігін толықтыру немесе өткізу;
- 3) ауыл шаруашылығына инвестицияларды қолдау;
- 4) ауыл шаруашылығы тауарларының импорты мен ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік тауарларының экспортын бақылау;
- 5) өнімнің сапасын бақылау;
- 6) нарықта үстемдік ететін ауыл шаруашылығы субъектілерінің қызметін шектеу;
- 7) белгілі бір ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ынталандыру немесе шектеу;
- 8) халықаралық шарттармен ауыл шаруашылығы мүдделерін қорғау арқылы жүзеге асырылады [43].

Заң 17 баптан тұратын 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлім (1-4-бап) жалпы ережелерді белгілейді. 2-бөлім (5-15-бап) мемлекеттік реттеуге қатысты. 3-бөлім (16-17-бап) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысты.

Литва Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы «Тамақ өнімдері туралы» заңы.

Аталған заң нарыққа ұсынылатын тамақ өнімдерін өңдеуге, ұйымдардың тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі құзыретіне қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ тамақ өнімдерін өңдейтін субъектілердің міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

Заңның мақсаты:

нарыққа қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін азық-түлік өнімдерін ғана жеткізу;

азық-түліктің халықаралық талаптарға сай болуын қамтамасыз ету;

экологиялық ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, Литва халқының дұрыс тамақтануына және азық-түлік пен тамақтануға байланысты адамдардың денсаулығына ықпал ету болып табылады [44].

Литва Республикасының 2002 жылғы 25 маусымдағы «Ауыл шаруашылығы мен ауылды дамыту туралы» заңы. Ауыл шаруашылығы мен ауылды экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және этникалық мәдениет тұрғысынан дамыту бағыттар айқындалған.

Аталған заңда тағам өндірісі, тағам шаруашылығы, экологиялық ауыл шаруашылығы өндірісі, ауыл шаруашылығында қоршаған ортаны қорғау саясаты, өндірісті ұйымдастыру сияқты мәселелер қарастырылған.

Аталған заңға сәйкес, **тағам өнімдері** деп – өсімдік, мал, құс, аң, ара, балық шаруашылығында өндірілген немесе қайта өңделген өнімдерді немесе табиғи ортада өскен орман жидектері, емдік шөптер, адамдар пайдалануға жарамды саңырауқұлақтар жатқызылған.

Ал тамақ өнеркәсібі – бұл интеграцияланған жүйені құрайтын тамақ өнімдерін өндірумен және оларды тұтынушыларға ұсынумен айналысатын салалардың жиынтығы. Оған ауылшаруашылық азық-түлік өнімдерін өндіру, оларды өңдеу және саудалау, сондай-ақ осы салаларды жаңартып отыратын сала кіреді. Азық-түлік шаруашылығына үйдегі азық-түлік шаруашылығы да енгізілген.

Ауыл шаруашылығы өндірісі болса – ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілетін қызмет түрі ретінде қарастырылған [45].

ФИНЛЯНДИЯ

Финляндияның 2021 жылғы 9 сәуірдегі «Азық-түлік туралы» заңы. Заңның негізгі мақсаты болып:

1) тамақ өнімдері мен тамақ өнімдерімен жанасатын материалдардың қауіпсіздігін, тамақ өнімдерінің тиісті сапасын және тамақ өнімдері саласындағы қағидаларға сәйкес басқа да сапа стандарттарын қамтамасыз ету арқылы тұтынушылардың денсаулығы мен экономикалық мүдделерін қорғау, сондай-ақ тамақ өнімдері мен тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар туралы ақпараттың болуын қамтамасыз ету болып табылады;

2) азық-түлік өндірісімен айналысатын бизнес өкілдерінің жұмыс жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу. Ол азық-түлікке, азық-түлік өндірісінде қолданылатын жануарларға, азық-түлікпен жанасатын материалдарға, кәсіпорындарға, сондай-ақ азық-түлікті тексеруге қолданылады.

Заңда келесі тарауларға бөлінген 87 бөлім бар:

1. Жалпы ережелер;
2. Тамақ бизнесі операторларына және байланыс материалдары операторларына қойылатын талаптар;
3. Билік органдары және олардың міндеттері;
4. Зертханалар;
5. Тамақ өнімдерін тексеру;
6. Азық-түлік экспортына ресми баждар;
7. Азық-түлік өнімдерінің ұлттық сапа жүйелері және бақылау шарттары;
8. Қорғалатын белгілердің өндірісі туралы хабарламаны тіркеу;
9. Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары, әкімшілік санкциялар және қылмыстық санкциялар;
10. Жем;
11. Қайта қарау және апелляция;
12. Тіркелім;
13. Арнайы ережелер;
14. Күшіне ену және өтпелі ережелер.

Заң азық-түлік операторларының азық-түліктің химиялық, физикалық, микробиологиялық және денсаулыққа пайдалы қасиеттерінің адам тұтынуына және адам денсаулығына қауіпсіз болуын қамтамасыз ету жөніндегі жалпы міндеттемесін қамтиды. Заңға сәйкес, азық-түлік және олар туралы берілген ақпарат тұтынушыларды адастырмауы керек. Азық-түлікпен жанасатын материалдар қолдануға жарамды, адам денсаулығы үшін қауіпсіз және азық-түлік құрамындағы немесе органолептикалық қасиеттердегі қажетсіз өзгерістерді тудырмауын қамтамасыз етуі керек. Азық-түлік бизнесінің операторлары бүкіл азық-түлік тізбегі бойынша заңға сәйкес құзыретті органдарға хабарлауға және тіркелуге тиіс. Басқа міндеттемелерден басқа, азық-түлік операторлары зооноздық жұқпалы агенттердің адамдарға таралуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы керек [46].

Финляндияның 2006 жылғы 29 желтоқсандағы «Ауылдық жерлерді дамытуды қолдау туралы» заңы. Бұл заң қоғамдастық пен тиісті ұлттық қорлар қаржыландыратын немесе толығымен ұлттық қорлар есебінен ауылдық дамуды қолдауды көздейді. Оның мақсаты ауылдағы экономикалық қызметтің әртүрлілігін арттыру, ауыл кәсіпорындарының жұмыс жағдайлары мен бәсекеге қабілеттілігін жақсарту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және тұрақты даму қағидаттарын сақтай отырып, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Заң, сонымен қатар: қолдау көрсетудің жалпы шарттарын белгілейді, кәсіпорындар мен жобаларға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Финляндияның 2022 жылғы 29 жетоқсандағы «Жалпы ауыл шаруашылығы саясатының стратегиялық жоспарын басқару туралы» заңы. Бұл Заң Финляндияның жалпы ауыл шаруашылығы саясаты жөніндегі стратегиялық жоспары бойынша даярлауға, іске асыруға, бағалауға, мониторингке және есептілікке қолданылады [47].

Финляндияның 2012 жылғы 28 жетоқсандағы «Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын ұйымдастыру туралы» заңы.

Бұл заңда Еуропалық Одақтың (ЕО) жалпы ауылшаруашылық саясаты шеңберінде ауылшаруашылық өнімдері нарығының бірыңғай ұйымын жүзеге асыру туралы ережелер бар. Заң ауылшаруашылық өнімдерінің бірыңғай нарығын жүзеге асыруды көздейтін басқа заңдарды анықтайды. Ұлттық ауылдық даму агенттігі (2009 жылдан бастап Финляндияның Азық-түлік басқармасы) ЕО-ның жалпы ауыл шаруашылығы саясаты шеңберінде нарықты ұйымдастыруды іске асыру жөніндегі құзыретті ұлттық орган болып табылады және нарықты ұйымдастыруға байланысты шараларды іске асыруға жауапты.

Заң ауылшаруашылық өнімдерін сақтаудың азық-түлік қауіпсіздігін, үшінші елдермен сауданы реттеуді, қаржылық қолдау жүйелерін, ет және қант секторына арналған арнайы ережелерді, тексерулерді, операторларды мақұлдауды, қадағалау мен бақылауды, орындау шараларын және т. б. қамтиды [48].

Финляндияның 2011 жылғы 11 желтоқсандағы «Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібіндегі, сондай-ақ ауылдық жерлердегі зерттеулер мен даму жобаларын қаржыландыру туралы» заңы.

Бұл заң басқа нақты заңнамаға сәйкес келмейтін ауыл шаруашылығына, тамақ өнеркәсібіне және ауылдық жерлерге қатысты ғылыми жобаларға қаржылық қолдау көрсету ережелерін белгілейді. Қаржылық қолдау Ауыл шаруашылығын дамыту қорының Ауыл шаруашылығын дамыту жоспарында және мемлекеттік бюджетте көзделген мақсаттарға ұсынылуы мүмкін. Заң ауыл шаруашылығы мен азық-түлік экономикасына жалпы пайда әкелетін зерттеулер мен әзірлемелерге көмек көрсетілуді көздейді [49].

Финляндияның 2007 жылғы 28 жетоқсандағы «Ауыл шаруашылығына құрылымдық көмек туралы» заңы.

Бұл заң тұрақты даму қағидаттарына сәйкес ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Осы Заң ауылшаруашылық құрылымдарын жақсарту үшін көрсетілетін және Еуропалық Қоғамдастық пен тиісті ұлттық қорлар қаржыландыратын немесе толығымен Ұлттық қорлардан қаржыландырылатын көмекке қолданылады. Осы Заң фермерлерге өндірістік қызметті тоқтатқаны үшін көмекке немесе өтемақыға, Еуропалық Қоғамдастықтың құрылымдық қорлары немесе еуропалық балық шаруашылығы қоры қаржыландыратын көмекке, сондай-ақ көрсетілген басқа заңнамаға сәйкес көрсетілетін қаржылық көмекке қолданылмайды. Көмек несие түрінде болуы мүмкін. Заң, басқалармен қатар, қаржылық көмек көрсету шарттарын анықтайды. Қолданылатын материалдар мен әдістер қоршаған ортаны қорғау және жерді пайдалану және құрылыс туралы Ұлттық Заңның талаптарына сәйкес келуі керек.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ

Еуразиялық экономикалық одақ елдері азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізуге бағытталған өзара инвестициялар, бірлескен ауыл

шаруашылығы және азық-түлік инфрақұрылымын салу арқылы өндіріс және қайта өңдеу технологияларымен өзара алмасу жұмыстары көп жүргізіледі.

Барлық мүшелер азық түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі деп таниды. Бірақ олардың әрқайсысы тәуекелдер мен қауіптерге қарсы тұруда бір-біріне тәуелсіз.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен одаққа мүше елдердің Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаты бекітілген [50].

Ол заманауи талаптарға негізделген қабілетті ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, ауыл шаруашылығы нарығын жетілдіру мен оітайландыруға қажетті шараларды қамтиды.

Алайда, бірлескен шараларға қарамастан, одаққа мүше елдер тарифтік емес шектеулерді, санитарлық және фитосанитарлық, ветеринариялық шараларды да қолданады.

2020 жылғы 11 желтоқсанда одаққа мүше елдердің мемлекет басшылары «Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттары туралы» Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің № 12 шешіміне қол қойды. Бұл құжат интеграцияны тереңдету және одақтың әлеуетін арттыру мақсатымен қабылданған [51].

Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасында Қырғыстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді жөн көрдім.

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ

Жалпы, Қырғызстанда азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін қамтитын нормативтік құқықтық актілер базасы жақсы дамыған. Олардың ең негізгілерінің бірі болып **Қырғыз Республикасының 2008 жылғы 4 тамыздағы «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы» заңы** жатады. Аталған заңдағы «азық-түлік қауіпсіздігі» анықтамасы жалпы азық-түлік қауіпсіздігі саясатының негізгі бағыттарын анықтауға негіз болып табылады.

Заң азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы құқықтық қатынастардың негізгі субъектілерін көрсетеді - бұл халық, әлеуметтік осал топтар, отандық шаруашылық субъектілері және атқарушы биліктің уәкілетті мемлекеттік органдары. Аталған заңда келесі арасындағы құқықтық қатынастар реттеледі:

- халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілу өлшемшарттарын белгілеу;
- азық-түлік өндірісіне мемлекеттік қолдау көрсету;
- республиканы тұрақты және үздіксіз азық-түлікпен қамтамасыз етуге байланысты басқару және шешім қабылдау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру;
- азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты дағдарыстық жағдай туындаған жағдайда іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;
- азық-түлік қауіпсіздігі мониторингі және талдау туралы ақпарат беру;
- азық-түлік тауарларының сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге.

Және заңда көрсетілген ең басты реттеу нысаны болып азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі төрт компоненттері арасындағы қатынастарды реттеуге арналады, оларға: азық-түліктің болуы, қолжетімділігі, пайдалану және тұрақтылық көрсеткіштері жатады.

«Азық-түліктің болуы» мемлекеттік материалдық резерв қорлардың жиынтығымен, импорт, азық-түлік көмегі және меншікті өндіріспен айқындалады. Бұл ретте айта кететін жайт - заңда «қолжетімділік» компоненттерінің әрқайсысы нақтыланған (заңның 3-бабы, 4-тармағы).

«Азық-түліктің қолжетімділігі» заңда халық үшін физикалық және экономикалық қолжетімділікпен көрсетілген. Физикалық қолжетімділіктің анықтамасы бойынша бұл «азаматтар үшін азық-түліктің физикалық бар болуы мен олардың сатып алуға қабілетті болуы деп айқындалған» (3-бап, 5-тармақ).

Азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз ету мақсатын анықтауда азық түліктің қолжетімділігі түсінігі азық-түліктің көлемі мен оны тұтынудың ең төменгі нормаларына сәйкес байланысады.

Экономикалық қолжетімділік Заңның бірқатар баптарында, ең алдымен, 4-бапта көрсетілген тамақ өнімдерін өндіруді мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары туралы, 5-бапта дағдарыстық жағдайлар кезіндегі іс-шаралар туралы, 9-бапта азық-түлік қауіпсіздігі қол жеткізу критерийлері туралы айтылған. Бұл ретте 9-бапта халықтың барлық әлеуметтік топтары емес, осал топтары туралы айтылған.

Азық-түліктің болуы. Азық-түліктің болуы отандық өндіріспен, мемлекеттік материалдық резерв қорларымен, импортпен, азық-түліктік көмекпен анықталады [52].

Қырғыз Республикасының 2009 жылғы 26 мамырдағы «Ауыл шаруашылығын дамыту туралы» заңының мақсаты болып аграрлық азық-түлік секторының дамуы, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жағдай жасау және ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік және басқа инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Заңның ережелері елде жоғары өнімді ауыл шаруашылығы құруға және өндірістің өсуі арқылы азық-түлік міндеттерін шешуге бағытталған. Алайда, заң ауыл шаруашылығы дамуы мен азық-түлік қауіпсіздігін реттейтін нормаларды бөліп-жармайды [53].

Қырғызстан Үкіметінің 2008 жылғы 27 қарашадағы № 651 қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы өнімдері, шикізат және азық-түлік нарығында интервенцияларды қолдану тәртібі туралы ереже Азық-түлік қауіпсіздігі туралы Заңның 5-бабын нақтылайды және ауыл шаруашылығы өнімдері, шикізат және азық-түлік нарықтарын тұрақтандыру үшін сатып алу интервенциялары және мемлекеттік тауар интервенциялары негізінде ішкі нарықты қорғауға және реттеуге бағытталған [54].

Ішкі нарықты қорғау шаралары **Қырғыз Республикасының 1998 жылғы 31 қазандағы «Қорғау шаралары туралы» заңымен** де қамтамасыз етіледі және отандық өндірушілерге, сондай-ақ Қырғыз Республикасының мүдделеріне елеулі зиян келтіру немесе оның қатері туындауы мүмкін кезде өнімді жеткізу көлемі мен шарттарын реттейді бағытталған [55].

Азық-түлік қауіпсіздігінің келесі құрамдас бөлігіне материалдық резервтегі мемлекеттік қорлардағы азық-түліктің жеткілікті көлемінің болуы жатады. **Қырғыз Республикасының «Мемлекеттік материалдық резерві туралы» 2014 жылғы 26 мамырдағы заңында** мемлекеттік материалдық

резерв қорларын қалыптастыру, орналастыру, сақтау, пайдалану, толтыру, жаңарту және ауыстыру мәселелерін реттейді. Заңның мақсаттарының бірі болып елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік және нысаналы бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Осылайша, «азық-түліктің болуы» компонентінде нормативтік-құқықтық база оның барлық элементтерін, яғни өндіріс көлемін, материалдық резерв қорларын реттеу, импорт, азық-түліктік гуманитарлық көмек сұрақтарын қамтиды.

Азық-түліктің қолжетімділігі. Бұл компоненттің негізгі мақсаты болып халықтың осал топтары үшін азық-түліктің тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және оларды азық-түліктің жоғары бағаларының әсерінен қорғау болып табылады.

Азық-түлікті пайдалану компонентінің мақсаты өндірілетін және әкелінетін азық-түліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ халықтың ең осал топтарының (ең алдымен, балалардың) толыққанды тамақтануға, байытылған (фортификацияланған) өнімдердің қолжетімділігіне қамтамасыз етілу болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік құралдарға техникалық регламенттер, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтер, өндіруге және өткізуге арналған лицензиялар жатады [56].

10-кесте - Қазақстан, Литва мен Қырғызстан елдеріндегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің заңнамалық реттелуі

	Ауыл шаруашылығы мен ауылдық аймақтарды дамыту мәселесі	Ауыл шаруашылығын экономикалық реттеу мәселесі	Азық-түлік қауіпсіздігі, импортталмастыру, өзін-өзі қамту мәселесі	Тағам қауіпсіздігі мәселесі	Аграрлық нарық, азық-түлікті экспорттау мәселелері
Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңы		Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңы; Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы»	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» заңы	Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңы

10-кестенің жалғасы

Литва Республикасы	Литва Республикасының 2002 жылғы 25 маусымдағы «Ауыл шаруашылығы мен ауылды дамыту туралы» заңы	Литва Республикасының 1994 жылғы 22 желтоқсандағы «Ауыл шаруашылығындағы экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы» заңы	-	Литва Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы «Тамақ өнімдері туралы» заңы	Литва Республикасының 2002 жылғы 25 маусымдағы «Ауыл шаруашылығы мен ауылды дамыту туралы» заңы
Финляндия	Финляндияның 2006 жылғы 29 желтоқсандағы «Ауылдық жерлерді дамыту қолдау туралы» заңы	Финляндияның 2007 жылғы 28 жетоксандағы «Ауыл шаруашылығына құрылымдық көмек туралы» заңы	Финляндияның 2022 жылғы 29 жетоксандағы «Жалпы ауыл шаруашылығы саясатының стратегиялық жоспарын басқару туралы» заңы	Финляндияның 2021 жылғы 9 сәуірдегі «Азық-түлік туралы» заңы	Финляндияның 2012 жылғы 28 жетоксандағы «Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын ұйымдастыру туралы» заңы
Қырғыз Республикасы	Қырғыз Республикасының 2009 жылғы 26 мамырдағы «Ауыл шаруашылығын дамыту туралы» заңы		Қырғыз Республикасының 2008 жылғы 4 тамыздағы «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы» заңы		
Ескертпе: Кесте автормен [40-56] дереккөздер негізінде құрастырылған					

2.2. АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӘЛЕМДІК ТРЕНДТЕР

Бүгінгі күні азық-түліктің қолжетімділігі мәселесі барлық елдер үшін негізгі мәселелер қатарына қосылған. Азық-түлік тәуелсіздігі құдды елдің тәуелсіздігі сияқты стратегиялық мақсаттардың біріне айналуға.

Автор Қудабаева Ә.Ж. сәйкес, әлемде орын алып жатқан түрлі дағдарыстар азық-түлік мәселесіне әрдайым қауіп төндіреді. Экологиялық, эпидемиологиялық, экономикалық дағдарыстар мен қарулы қақтығыстар әлемдік азық-түлік жүйесінің тұтастығына нұқсан келтіреді. Тіптен келе, азық-

түлік қауіпсіздігі мәселесін кейбір елдер саясиландырылып жатқандай әсер қалдырады [57].

Самия Сатти Осман Мохамед Нур мен Эльтаиб Мохамедайн Абдалла өздерінің еңбектерінде азық-түлік қауіпсіздігі мен оның физикалық қолжетімділігі мәселелерінің әлемдік өзектілігін айтқан кезде, алдымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының 2015 жылы қабылдаған тұрақты дамудың 17 мақсаты туралы жазады. Тұрақты дамудың 2-мақсаты азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу азық-түлік жүйелерін басқару, ауыл шаруашылығының тұрақтылығы, өнімділік пен инвестицияны арттыру арқылы қол жеткізуді көздейді [58].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры (ХҚЕС), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы (ҰҚЖ) және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарының (ДДҰ) бірлескен есебіне сәйкес азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлікке қолжетімділік контекстіндегі өзекті әлемдік трендтерге келесілерді жатқызуға болады:

1. Жаһандық демографиялық өзгерістер

Халықтың өсуі мен урбанизация азық-түлік қауіпсіздігіне жаңа талаптар қою арқылы азық-түлікті тұтынуға айтарлықтай әсер етеді.



2-сызба – Қазақстан Республикасында азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесі.

Ескертпе: Сызба [60] дерекөзден алынған

Мысалы, БҰҰ ақпаратына сай, 1950 жылдары қала тұрғындарының әлемдік халық санындағы үлесі 30 пайызды құраса, 2021 жылға қарай бұл көрсеткіш 57 пайызға дейін өсті. 2050 жылға қарай болжам бойынша аталған көрсеткіш 68 пайызға жетеді деп болжамдалуда. Көпшілік жағдайда бұл процесс, негізінен, құрылымдық өзгерістерге байланысты, яғни елдер өз экономикасын

неғұрлым әртараптандыру бойынша шаралар қолданған сайын, экономиканың басқа да салаларын жетілдіру қалаларды ауыл тұрғындарын тарту күшіне айналуда. Әрине, оған қоса ауылдық аумақтарды дамытудағы жеткіліксіз жұмыстар, жұмыссыздық, ауылдарды қажетті инфрақұрылымның болауы сияқты мәселелерді де ұмытпаған жөн. Яғни экономикалық өсусіз жүретін урбанизация процесі ауылдық жерлерде өмір сүру жағдайларының төмендеуіне, кедейлік, жұмыссыздық, қызметтерге қолжетімділіктің болмауы, және ең бастысы - азық-түлік қауіпсіздігіне әкелуі мүмкін [59].

2. Тұтынушылардың қалауының өзгеруі:

Аграрлық азық-түлік жүйелеріне урбанизацияның тигізетін тағы бір факторы ретінде тұтынушылық өзгеріс болып табылады. Табыс деңгейінің өзгеруі, өмір мен жұмыс қарқыны тамақтану үлгілерінің өзгеруіне әкеледі.

Сонымен қатар, урбанизация жоғары қайта өңделген тағам түрлерін тұтыну мөлшерін жоғарылатады. Өмір салты мен мінезіндегі өзгерістер әйелдердің жұмыспен қамтылуы, сондай-ақ жұмысқа жолға кететін уақыттың ұлғаюы жартылай фабрикаларға, сауда орындарында сатылатын тағамдарға деген сұраныстың артуына әкеледі. Көбінесе мұндай өнімдер жоғары калориялы және майдың, қанттың және тұздың көп мөлшерінің болуымен сипаттанып, дұрыс тамақтанбауға әкеледі [59].

Кедейлік пен табыс теңсіздігінің жоғары деңгейіне байланысты 2019 жылы 3 млрд. адам үшін дұрыс тамақтануды экономикалық тұрғыда қолжетімсіз деп санаған [36].

3. Эпидемиологиялық ахуал


COVID-19 пандемиясы және онымен байланысты жеңілдету шаралары 2020 жылдың көктемінде басталды, сонымен қатар жаһандық азық-түлік тізбектері мен аймақтық нарықтарды бұзу, табыстың жоғалуына ықпал ету және азық-түлік өндірушілердің денсаулығына нұқсан келтіру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін күшейтті. ФАО пандемия азық-түлік қауіпсіздігінен зардап шегетін адамдар қатарына 161 миллион адамды қосты деп есептейді. Табысы төмен және орташа елдердегі деректер пандемияның тамақтану сапасына, әсіресе әйелдерге, табысы төмен адамдарға және бейресми сектор қызметкерлеріне теріс әсер еткенін көрсетеді [61, 62, 63].

4. Климаттың өзгеруі:

Сингх және өзге авторлар қазіргі жағдайдағы азық-түлік жүйелеріне деген климаттың өзгеруінің әсерін ерекше атап өтіп, оның негізгі қиындық ретінде қарастырады. Олардың пайымдауынша, климаттың өзгеруі халықтың шаруашылықты жүргізу мәнерін, халықтың тамақтану қабілетіне теріс әсерін тигізуде. Климаттың өзгеруі барлық бастапқы және негізгі факторларға, соның ішінде: топырақтың құнарлылығы, су тапшылығы, ауа сапасы, биологиялық әртүрлілікке әсер етуде, сәйкесінше, экономикалық өсу, кірістер, сұраныс сияқты елдердің негізгі экономикалық көрсеткіштері төмендеуде [64].

Біріккен Ұлттар Ұйымының есебіне сәйкес климаттың өзгерістігі мен оның экстремалды көріністері, атап айтқанда, құтты құрғақшылық, жауын-шашын

тапшылығы, азық-түлік жүйелеріндегі қақтығыстарды арттыратын негізгі трекер ретінде қарастырылған [65].



1-сурет – 2000-2050 жылдары орташа жылдық жауын-шашынның өзгеруі (мм)

Ескертпе: Сурет [66] дерекөзден алынған

Сол жақ карта: CSIRO моделі, оң жақ карта: MIROC моделі

Жасыл/көкшіл – жауын-шашынның артуы, қызғылт/қызыл – жауын шашынның азаюы.

CSIRO - Австралия мемлекеттік ғылыми және зерттеу ұйымы

MIROC - бұл атмосфера мен мұхиттардың көптеген негізгі аспектілерін және олардың өзара әрекеттесуін ескеретін жалпы айналым моделі.

Климаттың өзгеруіндегі маңызды мәселелердің бірі болып – өсімдіктер зиянкестері мен ауруларының таралу аймағының кеңеюі болып табылады.

Сонымен бірге климаттың ауытқуы мал шаруашылығының өнімділігіне де тікелей әсер етеді. Мал жаю жүйелеріндегі өзгергіштіктің артуы жануарлардың өнімділігіне, шыдамдылығы және табынның қалпына келу жылдамдығына теріс әсер етуі байқалған [67].

Қорытындылай келе, ұсынылған зерттеулер жаһандық азық-түлік жағдайын жақсарту стратегияларын әзірлеудің бастапқы нүктесі бола алатын азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түліктің қолжетімділігіндегі негізгі әлемдік трендтерді түсінуге негіз жасайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының ақпаратына сәйкес ауыл шаруашылығын дамыту үшін жер және су ресурстарының жай-күйі аса маңызды болып табылады.

Халықтың тұрақты өсуі, жер және су ресурстарының шектеулігі жағдайында күрделі жаһандық азық-түлік жүйесінің қажеттіліктерін қанағаттандыру қиынға соғатын болады [68].

Аталған қауіп-қатерлерді ескере отырып, әлемдік азық-түлік жүйелерін түрлендіру қажеттілігі туындайды.



3-сызба – Азық-түлік қауіпсіздігі моделінің өзгеруі

Ескертпе: Сызба [69] дерекөзден алынған

Хейфец Б.А. пен Чернованың В.Ю. еңбегіне сәйкес, азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасының шиеленісуі ұлттық азық-түлік жүйелерінің жағдайы бойынша БҰҰ-ның арнайы саммитін өткізуді талап етті. Аталған саммитте азық-түлік өнімдерін өндіру және тұтыну модельдерін қайта қарастыруға, азық-түлік жүйелерін түрлендіруге және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы тәсілдерін өзгертуге шақырды.

Алайда, мүдделі тараптардың кең ауқымын қамтылуын, әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси, биофизикалық, экологиялық, инфрақұрылымдық және техникалық құрылымдарды түрлендірудің қиындығы, азық-түлік өнімдерін өндіру және жеткізу тізбегіндегі мәселелер азық-түлік жүйелерін түрлендіруде қиындықтарға алып келуде [70].

Бірқатар дамыған елдер өздерінің азық-түлік жүйелері мен ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегияларын белсенді түрде қайта құруды бастады. Бұл елдердің тәжірибесін зерттеу Қазақстанның азық-түлік жүйелерін түрлендіру жұмыстарын жүргізу үшін пайдалы болуы мүмкін. Сол себепті Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексінің жетекші ондығына енетін кейбір елдердің азық-түлік жүйелерін түрлендіру бойынша жұмыстарын зерттеуді жөн көрдім.

Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі (GFSI) 113 елде азық-түліктің экономикалық және физикалық қолжетімділігі, сапасы, қауіпсіздігі, тұрақтылық пен бейімделу мәселелерін қарастырады. Индекс дамушы және дамыған елдердегі азық-түлік қауіпсіздігі факторларын өлшейтін 68 бірегей көрсеткіштер негізінде құрылған сандық және сапалық салыстырмалы талдаудың динамикалық моделі болып табылады. Осы тізімдегі бірқатар азық

мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігі стратегияларындағы кейбір түбегейлі өзгерістерді қарастырайық.

2022 жылдың ең үздік он елдің сегізі - жоғары деңгейдегі кірістері бар еуропалық елдер, үштікке Финляндия, Ирландия және Норвегия кірді. Бұл елдер барлық төрт көрсеткіш бойынша жоғары көрсеткіштерге ие.

ЕО елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін түрлендіру бойынша тәжірибесі

Еуропалық парламент, Еуроодақ Кеңесі және Еуропалық комиссия 2021 жылғы 25 маусымда Жалпы ауыл шаруашылығы саясатын реформалауға келісті (Common Agriculture Policy – CAP). Жаңа CAP, тұрақты және бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы секторын дамытуды, фермерлерді қолдауды, ауылдық аумақтарды жандандырды және елдердің халқын сау тамақпен тұрақты қамтамасыз етуді қарастырады [71].

Жаңа CAP сәйкес, Еуроодақ елдері қолданыстағы жоғары экологиялық талаптарға қосымша климат және экологияны қорғау бойынша өршіл талаптар қойды. Осылайша, кем дегенде қаражаттың 25% - ы органикалық егіншілік немесе дәл егіншілікке және кемінде 35% қоршаған ортаны қорғауға, климатты сақтауға және жануарларды қорғауға ықпал ететін жобаларға, ауылдық жерлерді дамытуға бөлуге міндеттелген.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында дұрыс тамақтану, денсаулықты нығайту және дағдарыстардың әсерін азайту мақсатында Еуроодақта төтенше жағдайлар жоспары әзірленген.

Дұрыс тамақтану, қоректік профильдер жасау құрамында май, қант және тұзы жоғары тағамдарды шектеуге Farm to Fork Strategy стратегиясының кейбір бағыттары болып табылады. Бұл стратегия азық-түлікті тұтынудың қолданыстағы модельдері денсаулық және қоршаған орта тұрғысынан тұрақсыз екендігіне негізделген [72].

Қазіргі кезде Ирландияда, Финляндияда, Нидерландыда жаңа ұлттық азық-түлік стратегиялары әзірленді – олар азық-түлік қауіпсіздігінің жоғары көрсеткіштеріне, соның ішінде физикалық қол жетімділікке қол жеткізу бойынша ұсыныстар қарастырылған.

Мысалы, 2021 жылы қабылданған Ирландияның Ұлттық азық-түлік стратегиясы 2000 жылдан бастап есеп бойынша бесінші болып табылады. Барлық алдыңғы стратегиялардағыдай оның мақсаттары әр нақты уақыт кезеңінде азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады. Жаңа стратегия алдыңғы стратегиялармен белгілі бір сабақтастыққа ие болса да, алайда саясаттың айтарлықтай өзгеруіне байланысты азық-түлік қауіпсіздігіне деген мүлдем басқа көзқарасқа да ие. Жаңа стратегия азық-түлік саясаты мен денсаулық арасындағы байланысты ескере отырып, климат және қоршаған орта және әрқайсысының рөліне назар аударады және азық-түлік тізбегінің әр буынының 2030 жылға дейінгі түпкі мақсаттарды жүзеге асырудағы рөлін айқындайды [73].

Финляндия мен Нидерландының азық-түлік стратегиясының бастапқы нүктесі болып азық-түлік өндірісі мен тұтыну аспектілеріне бизнес, технология

және денсаулық сақтау тұрғысынан тұтас көзқарасты қамтамасыз ету болып табылады [74].

Канаданың азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін түрлендіру бойынша тәжірибесі

Канада Global Food Security индексінде сегізінші орында, Канада экономикасы үшін ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі экономиканың негізгі секторлар болып табылады.

Климаттық жағдайларға байланысты Канада негізінен кейбір тағамдарды импорттауға тәуелді. Солтүстік ендік пен қысқа вегетациялық кезеңге қарамастан, Канадада жемістердің кең спектрі өсіріледі (алма, шабдалы, нектарин, алмұрт, қара өрік, қара өрік және шие, жүзім, көкжидек, мүкжидек, құлпынай және таңқурай), бірақ өз көлемінің өндірісі бұл өнімдерге деген сұранысты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз. Азық-түлік импортының үлесі соңғы 10 жылда 8% - дан асты [75].

Ішкі өндірістің жоғары деңгейіне және канадалық азық-түлік секторының халықтың негізгі азық-түлік қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мүмкіндігіне қарамастан, канадалық азық-түлік азық-түлік жүйесінде бірқатар проблемалар бар.

Пандемия кезінде Канададағы азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі уақытша азық-түлік тапшылығын туындауы салдарынан алты балдық шкала бойынша 39%-ға нашарлады [76].

Қазіргі заманғы азық-түлік моделінің негізі 2019 жылғы Канаданың азық – түлік қауіпсіздігі егемендігі тұжырымдамасына негізделген, бұл азық-түлік саясатының мақсаты - ауылдық жерлерде және тамақ өнеркәсібінде әртараптандырылған инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл құжатқа сәйкес, Азық-түлік қауіпсіздігі тұрақты және инновациялық азық-түлік жүйесіне, қоршаған ортаны қорғауға, әр түрлі аумақтардың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, Канада халқын жеткілікті қауіпсіз және қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етуге негізделген.

Азық-түлік тұжырымдамасында азық-түлік жүйесінің қауіпсіздігі әртүрлі компоненттердің: экономикалық, медициналық, әлеуметтік және экологиялық салаларды өзара байланысы мен тәуелділігі қарастырылған. Нәтижесінде азық түлік саясатындағы басымдығы мәселе болып экономиканың әртүрлі салаларындағы тығыз интеграция және үйлестіру табылды.

Канаданың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібіндегі әртараптандырылған инклюзивті экономикалық өсу, сондай-ақ жағдайды қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендететін және канадалық азық-түлік өнімдерінің тұрақтылығын арттыратын әдістерді азық-түлік тізбегінде қолдану арқылы климаттың өзгеруіне арналған жүйені жақсарту маңызды орын алады [77].

ҚОРЫТЫНДЫ

Литва Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалық актілерде физикалық қолжетімділік, азық-түлік тәуелсіздігі мәселелері қарастырылмаған. Аталған елде өткен тағылымдама нәтижесі мен елдің заңнамасын зерттеу қорытындысы көрсеткендей, Литва мемлекеті ішкі нарықты азық-түлік тауарларымен толығымен өз өндірісі есебінен қамтамасыз ету туралы мақсат қоймаған. Нарықтық экономика жағдайында бұл мәселені импортталған тауарлар арқылы шешу мәселесі жоққа шығарылмайды. Алайда, өзге елден әкелінетін тауарлардың сапасына деген сұраныс пен талап нормативтік құқықтық актілерде жоғары қойылған.

Қырғыз Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы қатынастары азық-түлік қауіпсіздігінің барлық компоненттерін, яғни өндіру, қол жетімділік, пайдалану және тұрақтылықты реттеуге бағытталған. Заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерде азық-түліктің болуы, өндіріс көлемін, материалдық резерв қорларын реттеу, импорт, азық-түліктік гуманитарлық көмек сұрақтары толығымен қамтылған.

Финляндияның жалпы ауыл шаруашылығы саясаты жөніндегі стратегиялық жоспары бойынша даярлау, іске асыру, бағалау, мониторинг Финляндияның 2022 жылғы 29 жетоқсандағы «Жалпы ауыл шаруашылығы саясатының стратегиялық жоспарын басқару туралы» заңы негізінде жүзеге асады. Финляндия барлық ЕО елдері сияқты азық-түлік тауарларының сапасына, тағам қауіпсіздігіне жіті назар аударады.

Бүгінгі күні азық-түліктің қолжетімділігі мәселесі барлық елдер үшін негізгі мәселелер қатарына қосылып, аталған сұрақ кейбір елдердің стратегиялық мақсаттардың біріне айналған.

Алайда, қазіргі кезде орын алып жатқан түрлі дағдарыстар, соның ішінде саяси, экологиялық, экономикалық, эпидемиологиялық қиындықтар азық-түлік жүйесінің тұтастығына едәуір ықпалын тигізуде. Сол себепті көптеген елдер өздерінің азық-түлік жүйелері мен ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі стратегияларын қайта қарастыру бойынша жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Осы орайда Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі бойынша жетекші елдердің аталған қиындықтарға байланысты азық-түлік жүйелерін бейімдеу бойынша шаралары зерттелді.

2022 жылдың ең үздік он елдің сегізі еуропалық елдер болғандықтан, Еуроодақ елдерінің және сегізінші орындағы Канаданың тәжірибелері зерделенді. Аталған елдер саясатындағы негізгі көңіл бәсекеге қабілетті, сыртқы триггерлерге тұрақтылығымен жауап бере алатын агроөнеркәсіп кешенін құру бойынша жұмыстармен сипатталады.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау, ауылдық аймақты дамыту мен экономикасының тұрақтылығын қамту, тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі мәселелеріне жіті назар аударылған.

3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысын жасау барысында әдебиеттерді шолу, мағлұматтарды сараптау мен анализде, салыстыру, бақылау әдістерін қолдандым.

Жеке қортындыларды дәлелді ақпараттар мен алынған статистикалық мәліметтер негізінде қорытып, нақты дәлелдемелерді келтіру арқылы арқылы жасақтадым.

Сонымен қатар зерттеудің объективті қорытындыларға келуге екі тәжірибе мен шетелдік тағылымдамадан өту кезінде жинақтаған материалдарды талдау да көмектесті.

Талдау және зерттеу нәтижесі.

Аталған жоба шеңберінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін терең зерттеу мақсатында сарапшылық сұхбат өткізуді жөн көрдім.

Сараптамалық сұхбат дегеніміз - бұл терең сұхбаттың бір түрі, онда респонденттер зерттелетін саладағы жоғары білікті мамандар-сарапшылар немесе «пікір көшбасшылары» болып табылады.

Зерттеу тақырыбы бойынша сарапшылық сұхбат алу үшін агроөнеркәсіп кешенінің әрбір саласы бойынша сарапшылар таңдалып алынды. Олардың қатарына заң шығарушы орган, орталық және жергілікті мемлекеттік орган өкілдері, қоғамдық бірлестік жетекшісі мен ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші енді. Олар:

1. Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі;

2. Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі;

3. Сұлтанов Азат Сиражиддинұлы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Вице-министрі;

4. Халиуллин Жасұлан Джолдыбаевич – Батыс Қазақстан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы;

5. «Қазақстанның майлы дақылдарды қайта өңдеушілер» Ұлттық қауымдастығының төрағасы – Ибрагимов Ядыкар Мұсажанұлы;

6. Айбек Кажмухамбетов – «Incomtain» ЖШС басшысы;

Сарапшылық сұхбаттың мақсаты болып азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне етене ара-қатынасы бар сарапшылардан зерттеліп отырған мәселе бойынша сарапшылық көзқарас пен ұсыныс жинау болып табылады.

Сұхбат барысында сарапшыларға келесі сұрақтар қойылды:

1. *Азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша елдегі ағымдағы жағдайды қалай бағалайсыз? Сіздің ойыңызша осы салада қандай проблемалық мәселелер бар?*

2. Азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту үшін азық-түлік жүйелерінде қандай өзгерістер болуы керек?

3. Әлеуметтік, саяси және экологиялық дағдарыстың алдын алу үшін ауыл шаруашылығы мен азық-түлік жүйелерінің өміршеңдігі мен тұрақтылығын қалай нығайтуға болады?

4. Азық-түлік қауіпсіздігін бақылау және бағалау процесін жақсарту үшін не ұсынар едіңіз?

5. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бірнеше салалардың (ауыл шаруашылығы, энергетика, сауда, өнеркәсіп, тағам қауіпсіздігі және т.б.) құзыретін қамтиды. Аталған мемлекеттік саясат салаларының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу мақсатында инклюзивті және сектораралық қызмететуін қалай ынталандыруға болады?

6. Сіздің ойыңызша азық-түлік жүйелерінің түрленуі және тұрақтылығы мәселелерін климаттық және табиғи жағдайларды ескере отырып қалай шешу керек?

3.1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ ПРОЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР (ИНТЕРВЬЮ НЕГІЗІНДЕ)

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша елдегі ағымдағы жағдайды қалай бағалайсыз? Сіздің ойыңызша осы салада қандай проблемалық мәселелер бар?, - деген сұраққа сарапшылар келесідей жауап қайтарды.

Сарапшы **Ж. Дайрабаевтың** айтуы бойынша, қазіргі таңда азық-түліктің тұрақты физикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуге кедергі келтіретін негізгі проблемалар болып:

- ауызсудың тапшылығы;
- шалғайдағы аудандарда жолдардың жай-күйінің нашарлауы немесе мүлдем болмауы;
- жеміс-көкөніс өнімдері мен тамақ өнімдерін сақтайтын қойма инфрақұрылымының жеткілікті түрде дамымауы;
- сауда-логистика орталықтарының, заманауи форматтағы сауда желілерінің, көтерме-тарату орталықтарының жеткілікті деңгейде дамымауы табылады.

Қажетті қаржыны қолжетімді қылу, өнідірілген өнімді уақытылы және толық мөлшерде сату мәселесін шешу, жаңа технологияларды қолдану қажет. Айта берсе мәселе көп, бірақ осылардың бәрі фермерлердің жұмысын оңтайландырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шаралар.

Сарапшы **Н. Сәрсенғалиевтің** пайымдауынша, азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету саласында келесі проблемалық мәселелерге:

1. Азық-түлік ресурстарының аймақтар арасында біркелкі бөлінбеуі. Бұл белгілі бір аумақтарда өнімнің жетіспеуіне немесе артық болуына әкелуі мүмкін.

2. Әлеуметтік осал топтар азаматтары үшін азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімсіздігі, бұл қажетті азық-түлікті жеткіліксіз тұтынуға әкеледі.

3. Азық-түлікті өндіру, сақтау, тасымалдау және тарату үшін инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы.

4. Климаттың өзгеруі, құрғақшылық, өрт сияқты экологиялық және табиғи апаттар ауыл шаруашылығы тауарларының өнімділігі мен қолжетімділігіне теріс әсер етуде.

5. Азық-түлікті өндіру, сақтау және өңдеу кезінде санитариялық талаптардың орындалу сапасы мен деңгейін бақылаудың болмауына байланысты азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне кері әсерін тигізуі және т.б. жатады.

А. Сұлтановтың пікірінше, азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы проблемалық мәселелерге келесілерді атап өткен:

1. Ауыл шаруашылығының климаттық факторларға жоғары тәуелділігі, ауыл шаруашылығында климаттық оңтайландырылған тәсілдің болмауы, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен мал шаруашылығының өнімділігінің төмендеуіне, демек, өнім өндірісінің төмендеуіне әкеледі.

2. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің жеткіліксіз деңгейі, сапалы шикізат көлемінің шектелуіне және айналым қаражатының жетіспеушілігіне байланысты қайта өңдеуші кәсіпорындардың қолда бар қуаттарының жүктелмеуі.

3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау сыйымдылықтарының жеткіліксіздігі.

Ал сарапшы **Ж. Халиуллиннің** айтуынша, негізгі проблемаларға азық-түлік өнімдерін сақтау орындары мен оларды тасымалдау үшін қажетті инфрақұрылым мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мәселесі жатады. Физикалық қолжетімділікті қамтамасыз етуде аталған мәселелердің шешілуі өте маңызды.

Я. Ибрагимов болса, еліміздегі азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша елдегі ағымдағы жағдайды оңтайлы деп есептей отырып, кейбір азық-түлік тауарлары бойынша еліміз импортқа тәуелді, сонымен қатар, азық-түлік тауарларын тарату мен сақтау бойынша мәселелерді атап өткен.

А. Қажмухамбетовтің пікіріне сай, елімізде азық-түліктің физикалық қолжетімділігі 80%-ға қамтамасыз етілген, бірақ мәселе мынада: барлық азық-түлік себеті, әсіресе жемістер мен көкөністер сияқты дәрумендері бар тауарлар бүкіл халыққа қол жетімді емес және іс тек өнімнің жоғары бағасында ғана емес, сонымен қатар, көптеген елді мекендерге дейін, соның ішінде ауылық аймақтарға бұл өнімдер жыл бойы жеткізілмейді, егер оларды жақын маңдағы аудан орталығында сатып алу мүмкіндігі болса, онда бұл өнімдердің бағасы маусымнан тыс өте жоғары болады.

Келесі проблемалық мәселе ретінде сұхбаттың 5-і сұрағы қойылды:

- Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бірнеше салалардың (ауыл шаруашылығы, энергетика, сауда, өнеркәсіп, тағам қауіпсіздігі және т.б.) құзыретін қамтиды. Аталған мемлекеттік саясат салаларының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу мақсатында инклюзивті және сектораралық қызм ететуін қалай ынталандыруға болады?

Сарапшы **Ж. Дайрабаев** осы мәселеге жіті тоқтала кетіп, шаруалардың дамуына әсер ететін энергетика, сауда, отандық машина жасау өнеркәсіптерін атап өткен. Осылайша, «жанармай жоқ болса, шаруа егін салмасы анық, электр жүйесіне қосылмаса, жем тартып, мал азығын дайындай алмауы немесе сүт, құс фермалары жұмыс жасай алмайтыны анық. Сауда орындарына шығып, тауарларын сата алмаса, ол да мәселе емес пе. Осы бағыттарды да ауқымды қамтып, шаруалардың шығынын азайтуға жол ашу қажет, сонда шаруаға қатысты барлық салалар өз даму жолын ашады. Қазіргі уақытта Қазақстанда ауыл шаруашылығы субъектілеріне жеңілдікпен салық салудың бірнеше режимі қолданылады және аграрлық сектор үшін жекелеген салықтық жеңілдіктер көзделген. Сонымен бірге қолда бар әлеуетті тиімді пайдалануға ынталандыру үшін салық салу мәселелеріне ерекше назар аударып, ауыл шаруашылығы саласындағы салық салу саясатын фермерлерге тиімді болатындай қылып өзгерту қажет.

Ауыл шаруашылығы мен коммуналдық шаруашылықта, өнеркәсіпте тарифтердің ағымдағы деңгейлері мен құрылымдары кезінде суды үнемдеуді ынталандыру жөніндегі елеулі шаралардың болмауы су тұтыну тиімділігінің төмендігіне себеп болып табылады. Қазіргі уақытта суға жұмсалатын шығындар негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары құнының 1%-ынан төмен, бұл басқа елдерге қарағанда анағұрлым аз.

Ауыл шаруашылығындағы су тарифтерінің деңгейі әлемдегі ең төмен тарифтердің қатарына жатады. Түпкілікті тұтынушы үшін судың тарифі өте төмен болғанына қарамастан, ол су ресурстарын тиімді пайдалануды ынталандырмайды. Сұраныстың ұлғаюына қарай өсе түсетін немесе суландыру технологияларына байланысты тарифтермен салыстырғанда ағымдағы тарифтер бірыңғай мөлшерлемені көздейді және тиімді су тұтынуды экономикалық тұрғыдан қандай да бір ынталандыруды көздемейді.

Бұл ретте фермерлерді суды үнемдеуге ынталандыратын шаралар қабылдау қажет.» - деген пікір білдірген.

А. Сұлтанов болса, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі сектораралық сипатқа ие және логистика, сақтау, тасымалдау, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі және басқа да көптеген мәселелерді қозғайтынын атап өткен.

Бүгінгі таңда ынтымақтастық тетіктері бар екеніне қарамастан, ведомствоаралық және салааралық ынтымақтастық әлі де одан әрі күшейту мен нығайтуды талап етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі саясатын басқару мен жүзеге асырудағы қиындықтардың бірі - азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру шараларының дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін бірлескен күш салу.

Өкінішке орай, бүгінгі күні Ауыл шаруашылығы министрлігі ғана тапсырмаларды орындамауға жауапты, өйткені басқа мүдделі мемлекеттік

органдардың стратегиялық құжаттарында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тікелей көрсеткіштер жоқ. Осыған байланысты Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі байланысты болатын басқа да мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мәселесін қарастыру қажет деп санайтынын атап өткен.

Ж. Халиуллин болса, азық-түлік қауіпсіздігі өте маңызды мәселе, сондықтан оған қатынасы бар салалардың қызметін ынталандыру үшін оларды арнайы бір бағдарламалық құжатқа жүйелеу қажет деген пікір білдірген.

3.2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР (ИНТЕРВЬЮ НЕГІЗІНДЕ)

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту үшін азық-түлік жүйелерінде қандай өзгерістер болуы керек? - деген сұраққа сарапшылар келесідей жауап қайтарды.

Ж. Дайрабаев физикалық қолжетімділік логистика мен сақтап-сұрыптау жүйесінің дамуымен байланысты дей отырып, Қазақстанның бір шетінен екінші шетіне дейін 3-4 мың км, облыс орталықтары мен аудан аралары кейде 200-300 км екенін атап өткен. Азықты жеткізуге жол керек, жанармай керек, қоймалар керек. Осы мәселелер шешілмесе біздің отандық азық-түліктің бағасы бәсекелестіктен ұтылады, ал халық қалтасына қарап азықтанады.

Сонымен қатар, азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту үшін азық-түлік жүйелерінде фермерлерге қаржыны жеткілікті түрде бөлуді қамтамасыз ету, логистика, жанар жағармай, білікті кадр, цифрландыру және тағыда басқа салалармен тығыз байланыс қажет деген ұсыныс берген.

А. Сұлтановтың ойынша, азық-түлік жүйелерін азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алатындай және тиімдірек, сыртқы факторлардың әсеріне қарсы иммунитетті, инклюзивті және тұрақты болатындай етіп түрлендіру жұмыстарын бірнеше бағытта жүргізу қажет.

Бұл ретте болашақтың азық-түлік жүйелері агроөнеркәсіптік кешеннің барлық субъектілерінің лайықты өмір сүруіне қаражат көзі болуға тиіс.

Болашақтың азық-түлік жүйелері де инклюзивті болуы керек және жастардың толыққанды қатысуын ынталандыруы керек. Болашақ ұрпақ өзінің өнімді әлеуетін толық ашып, жұмыс істеп тұрған азық-түлік жүйелерін түрлендіруде жетекші күшке айналуы және олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін түбегейлі шаралар қабылдауы тиіс деп санаған.

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатын жетілдіру бойынша сарапшы **Ж. Дайрабаев** келесі ұсыныстар ұсынған:

Бұл бағытта ең алдымен фитосанитариялық қауіпсіздік, ветеринариялық қауіпсіздік, техникалық реттеу, ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аудару қажет.

Қолайлы фитосанитариялық жағдай тұрақты өнім алудың және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Өнім

түсімділігін ұлғайту мен оның сапасын арттыру шарттарының бірі – өсімдіктерді зиянкестерден, өсімдіктер аурулары мен арамшөптерден қорғау. Егістік алқаптардағы зиянды организмдерді уақтылы анықтау, болжау және зерттеу, олардың азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етуін шектеу жолдарын табу кезек күттірмейтін және басым міндеттер болып табылады.

Ветеринариялық қауіпсіздік бөлігінде де бірқатар проблемалар бар:

- ветеринариялық бақылау мен қадағалаудың тиімді жүйесі жоқ;
- уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар арасында саладағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін нақты ажырату жетіспейді;
- жергілікті жерлерде заңнаманың сақталуын бақылау жетіспейді;
- ветпрепараттар мен азықтық қоспалар нарығын бақылау рәсімдерін реттеу тиісті деңгейде емес;
- отандық вакцина өндірісі нашар дамыған.

Біз, Ауыл партиясының депутаттары, осы мәселелерге байланысты арнайы Азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң жобасын дайындаудамыз. Сол заң аясында барлық мемлекеттік органдардың құзыреттерін тиянақтап, қай кезде қандай шара және кімнің не атқаратына дейін тізбектеп көрсетеміз. Сол заңмен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін отандық тауар өндірушілерге арналған қолдау мен жеңілдіктерді де қарастырамыз. Азық-түлік қоржынына кіретін өнім түрлерін, олардың пайыздық мөлшермелерін және ол мөлшер 5-10%-ға төмендегенде қандай шаралар жасалынатынын анықтаймыз. Қазіргі бақылау және бағалау процесстері жетілдіріліп, осы заңда нақты көрсетілетін болады. Ал заңда жазылған қағидат барлығымызға тиесілі дүние болатына күмән жоқ.

Сарапшы **Н. Сәрсенғалиев** болса, азық-түлік қауіпсіздігін бақылау және бағалау процесін жақсарту үшін азық-түлік қауіпсіздігін бақылау және бағалау процесстерін заманауи технологияларды қолдану, деректер жүйелерін жіктеу және ақпарат жинау, сондай-ақ аналитикалық әдістерді жетілдіру арқылы жақсарту мүмкін деп пайымдайды, яғни:

- Интернет (IoT) технологияларын пайдалану: азық-түлік қауіпсіздігінің мониторингін жасау үшін міндетті түрде автоматтандырылған ақпараттық жүйенің болуы қажет деп есептеймін. Аталған бағдарлама арқылы уәкілетті мемлекеттік орган дер кезінде нақты азық-түлік қауіпсіздігі туралы ақпаратты алып отырып, сонымен қатар керекті басқару шешімдерін қабылдау мүмкіндігі туады.

- Нақты әрі толыққанды аналитика: азық-түлік қауіпсіздігі тәуекелдерін болжау үшін әрдайым сапалы аналитика қажет, себебі ықтимал қауіпті тез анықтау және оларға жауап беру үшін деректерді талдау мәселесіне көп көңіл бөлу қажет.

- Білім беру және оқыту: деректерді тиімдірек талдау үшін азық-түлік қауіпсіздігі мамандарының білім деңгейі мен біліктілігін арттырып отыру қажет деп есептеймін.

Бұл қадамдар азық-түлік қауіпсіздігін тиімдірек және сенімді бақылауды және жақсартуды қамтамасыз ете алады, бұл өз кезегінде өндіріс сапасын

жақсартуға және осы саладағы ықтимал дағдарыстар мен қиындықтардың алдын алуға көмектеседі деп ойлайды.

Сарапшы **А. Сұлтанов** келесі ұсыныстарды айтқан:

Азық-түлік жүйелерін азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алатындай және тиімдірек, сыртқы факторлардың әсеріне қарсы иммунитетті, инклюзивті және тұрақты болатындай етіп түрлендіру жұмыстарын бірнеше бағытта жүргізу қажет.

Бұл ретте болашақтың азық-түлік жүйелері агроөнеркәсіптік кешеннің барлық субъектілерінің лайықты өмір сүруіне қаражат көзі болуға тиіс.

Болашақтың азық-түлік жүйелері де инклюзивті болуы керек және жастардың толыққанды қатысуын ынталандыруы керек. Болашақ ұрпақ өзінің өнімді әлеуетін толық ашып, жұмыс істеп тұрған азық-түлік жүйелерін түрлендіруде жетекші күшке айналуы және олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін түбегейлі шаралар қабылдауы тиіс деп санайды.

Ауыл шаруашылығы мен азық-түлік жүйелерінің өміршеңдігін нығайту үшін тұрақты өсіру әдістерін енгізу, заманауи технологияларды дамыту, фермерлер үшін қаржыландыруға қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру мен тұрақты халықаралық тәжірибелерді енгізуді қолдау қажет деп санаймын.

Сондай-ақ ауылдық қауымдастықтар үшін тиімді әлеуметтік қорғау және қолдау тетіктерін құру, экологиялық жауапты саясаттарды әзірлеуге жәрдемдесу және тұрақты өндіріс әдістерін ынталандыру маңызды.

Бүгінгі таңда ынтымақтастық тетіктері бар екеніне қарамастан, ведомствоаралық және салааралық ынтымақтастық әлі де одан әрі күшейту мен нығайтуды талап етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі саясатын басқару мен жүзеге асырудағы қиындықтардың бірі - азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру шараларының дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін бірлескен күш салу.

Өкінішке орай, бүгінгі күні Ауыл шаруашылығы министрлігі ғана тапсырмаларды орындамауға жауапты, өйткені басқа мүдделі мемлекеттік органдардың стратегиялық құжаттарында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тікелей көрсеткіштер жоқ. Осыған байланысты Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі байланысты болатын басқа да мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мәселесін қарастыру қажет деп санайды.

Сонымен қатар, климаттық және табиғи күн тәртібі жағдайында азық-түлік жүйелерін қайта құру және олардың тұрақтылығын арттыру мәселелерін шешу үшін:

1. Тұрақты тәжірибелерді енгізу: органикалық өңдеу, суды үнемдеу технологиялары және т. б. сияқты ауыл шаруашылығының тұрақты әдістеріне көшуге ықпал ету.

2. Технологиядағы инновациялар: өндірісті оңтайландыру үшін интеллектуалды ауыл шаруашылығы, деректерді пайдалану және сенсорлар сияқты инновациялық технологияларды қолдау және енгізу.

3. Тұрақты инфрақұрылымдарды дамыту: өнімді тұрақты тасымалдауға, сақтауға және өңдеуге ықпал ететін инфрақұрылым құру, сондай-ақ тиімді тарату жүйелерін қолдау.

4. Білім беру және оқыту: тұрақты ауыл шаруашылығы және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша фермерлердің білімін қолдау.

5. Мемлекеттік саясат: тұрақты тәжірибе алатын фермерлерге салықтық жеңілдіктер сияқты ынталандыру мен ынталандыру шараларын енгізу.

6. Халықаралық ынтымақтастық: климаттың өзгеруі және азық-түлік жүйелерінің тұрақтылығы сияқты жаһандық мәселелерді шешуде тәжірибе мен ресурстармен алмасу үшін халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажет деп есептейді.

Келесі сарапшы **Ж. Халиуллин** болса, азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан өзіміздің өндірісіміз есебінен қамтамасыз етілу деңгейі төмен бағыттарды және азық-түлік өнімдерін сақтау үшін қажетті орындар мен қоймаларды қаржыландырудың жеңілдетілген өнімдерін, яғни несиелеу бағдарламалары мен қолдау шараларын енгізу қажет деп ойлайды. Мысалы 2023 жылдан бастап сүт шаруашылығын дамыту үшін арнайы жобаларды қаржыландыру мақсатында еліміз бойынша жылдық пайыздық жарнасы 2,5% көлеміндегі арнайы несиелеу бағдарламасы іске қосылды. Осы бағытта арнайы бағдарламалар болуы тиіс немесе аталған бағдарламаға қосымша қажетті бағыттарды енгізу керек.

Сонымен қатар, азық-түліктің физикалық қолжетімдігін қамтамасыз етуде халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге аса назар аударып, азық-түлік өнімдерінің физикалық қолжетімділігі мәселесін де естен шығармау керек.

Бұдан бөлек, сырттан келетін импорттық тауарларға шектеу немесе пошлиналар енгізу жолымен отандық тауар өндірушілерді қорғау мәселесіне көңіл бөлу қажет деп есептеймін. Импортталып келетін тауарлардың сапасына да мән беру маңызды, тұтынылатын сапасыз азық-түлік тауарлары халықтың денсаулығына әсер етеді.

Я. Ибрагимовтың пікірі бойынша, азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту үшін аурулар мен климаттың өзгеруіне төзімді өсімдіктер мен жануарлардың сорттарын жақсарту үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарына инвестиция салу маңызды.

Инновациялық суару әдістерін, ауыл шаруашылығында смарт технологияларды қолдану, фермерлерге несие мен білімге қол жеткізу де ауыл шаруашылығы өнімділігі мен тұрақтылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді ескеретін теңгерімді көзқарас азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға қол жеткізудің кілті болып табылады.

Азық-түлік жүйелерінің өміршеңдігі мен тұрақтылығын нығайту үшін:

1. Тұрақты ауылшаруашылық тәжірибелерін дамыту, яғни топырақ құнарлылығын сақтауға, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалануды оңтайландыруға ықпал ететін әдістерді енгізу;

2. Сорттардың әртүрлілігі мен жетілдірілуі, яғни өзгермелі климаттық жағдайларға бейімделген, ауруға төзімді және өнімді өсімдіктер мен жануарлардың сорттарын зерттеу және дамыту.

3. Инфрақұрылымдық инвестициялар, яғни өнімді өндіру және тарату тиімділігін арттыру үшін суару, көлік және сақтау жүйелерін қоса алғанда, ауылдық инфрақұрылымды дамыту.

4. Фермерлерге білім беру және қолдау, яғни фермерлерді ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқарудың заманауи әдістеріне, жаңа технологияларды қолдануға және қаржылық ресурстарға қол жеткізуге үйрету.

5. Су ресурстарын басқару, яғни суды ұтымды пайдалану, тиімді суару жүйелерін енгізу және суды тұрақты пайдалануды қолдау.

6. Шағын фермерлерді қолдау, нарықтарға қолжетімділік пен қаржылық қолдауды қоса алғанда, шағын ауылшаруашылық кәсіпорындарының қатысуына ықпал ететін саясаттарды әзірлеу.

7. Қалдықтарды тиімді басқару, яғни ауыл шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату және қайта өңдеу жүйелерін әзірлеу сияқты шараларды жүзеге асыру қажет деп ойлаймын. Осы жиынтық шараларды енгізу әлеуметтік, экономикалық және экологиялық сипаттағы сын-қатерлермен күресуге қабілетті тұрақты азық-түлік жүйелерін құруға мүмкіндік береді.

3.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Азық-түлік қауіпсіздігінің мониторингі белгілі бір аумақтағы азық-түліктің қолжетімділігіне, сапасына және қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды жүйелі бақылау, талдау және бағалауды қажет етеді. Бұл процесс ауыл шаруашылығы жүйесінің барлық аспектілерін: өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау, сатуды бақылауды қамтиды. Бүгінгі күні Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйін мониторингілеу жүйесін зерделеу азық-түлік жүйесінің барлық құрылымдық бөліктерін қамтылмайтындығын көрсетті.


Соның ішінде:

1. Қолданыстағы бекітілген тетіктер көбіне өндіріс пен сату, ішінара сақтау мәселелерін ғана қамтиды, ал тасымалдау, ұзақ серзімді сақтау көлемдері мен мүмкіндіктері, өкінішке орай толығымен қарастырылмайтындығын көрсетті.

2. Заңнамамен бекітілген азық-түлік қауіпсіздігін мониторингілеу бойынша нормативтік-құқықтық актілер азық-түлік сапасын бағалау, яғни азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына талдау жүргізуді мүлдем қарастырмайды.

3. Ауыл шаруашылығы дақылдарының аурулары мен зиянкестерін, ауыл шаруашылығы жануарларының ауруларының таралу қаупі де ескерілмейді.


4. Сыртқы әсер етуші факторлардың, яғни әлемдік экономика, дағдарыстар мен қақтығыстардың елдің азық-түлік қауіпсіздігіне әсерін есептеу механизмдері де қарастырылмаған.



4-сызба – Азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі моделі

Ескертпе: Сызба автормен [28] дерекөз негізінде жасалған

Қазіргі кезде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі нақты және экономикалық қолжетімділікті қамту мәселесі мен сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларын өндіру мәселелерін қарастырады. Соның ішінде, азық-түлік тауарларына нақты қолжетімділігіне елдің барлық аймағында кез-келген уақытта халықтың сұранысын қамтамасыз ете алатын азық-түлік көлемінің болуы жатса, экономикалық қолжетімділікке – халықтың қажетті азық-түлік тауарларын сатып алу мүмкіндігін айтады. Бұл ретте азық-түлік қауіпсіздігі түсінігіне халықтың денсаулығына қажетті бекітілген норманы қамтамасыз ету мақсатында сапалы азық-түлікті өндіру жатады.



5-сызба – Азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі моделі

Ескертпе: Сызба автормен жасалған

Жалпы, елдің азық-түлік қауіпсіздігінің жалпы жағдайын жан басына шаққандағы орташа көрсеткіштердің көмегімен бағалауға болады. Алайда, ішкі

нарықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге қол жеткізу жөніндегі сауатты басқарушылық шешімдерді қабылдау және егжей-тегжейлі зерделеу, талдау жүргізу үшін мұндай тәсіл жеткіліксіз деп пайымдаймын. Ол үшін тұрақты азық-түлік өндірісі, оңтайлы импорт, елдің барлық аумақтарында, соның ішінде, шалғайдағы елді мекендерді қоса алғанда барлық азық-түлік өнімдерінің болуы және халықтың сұранысын толық қанағаттандыратын және қажетті тұтыну нормаларына сай сапалы азық-түліктің үздіксіз болуын қамтамасыз ету қажет.

Ол азық-түліктің отандық өндірімен қоса импортының мүмкіндігіне және тауар өткізгіш инфрақұрылымның даму деңгейіне де тығыз байланысты екенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, қажет жағдайда азық-түліктің қоры мен оны сатып алуға қажетті валюта ресурстарының болуы да маңызды деп санаймын.

Бұл ішкі нарықты жетіспейтін азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қажет және ұлттық қауіпсіздіктің маңызды элементі болып табылады. Сол себепті қазіргі қолданыстағы азық-түлік қауіпсіздігінің моделінің орнына толықтырылған жаңа модельді ұсынамын.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығымен бекітілген Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарына азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі формуласын қайта қарастырып, келесі редакция жазылуын ұсынамын:

$$НІТ = Қжб + \Theta_k + Ик - \text{Эк} - Бк$$

мұнда:

Қжб – жыл басына азық-түлік тауарының қоры, тонна

Өк – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі, тонна

Ик – азық-түлік тауарлары импортының көлемі, тонна

Эк – азық-түлік тауарлары экспортының көлемі, тонна

Бк – азық-түлік тауарларының бұзылу көлемі, тонна.

Кесте-12 - «Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ұсыныстың салыстырмалы кестесі


Бұрынғы редакциясы	Жаңа редакциясы	Негіздеме
Азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі елдің отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуін, импортқа тәуелділік деңгейін көрсетеді және	Азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі елдің отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуін, импортқа тәуелділік деңгейін көрсетеді және	Ішкі тұтыну көлемі анықтау нарықтың азық-түлік тауарына деген қажеттілігін анықтау, мемлекеттік бағдарламаларда ауыл

12-кестенің жалғасы

<p>келесі формула бойынша есептеледі:</p> $НІТ = \Theta_k + И_k - \mathcal{Э}_k$ <p>(2-ші формула)</p> <p>мұнда:</p> <p>Θ_k – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі, тонна</p> <p>$И_k$ – азық-түлік тауарлары импортының көлемі, тонна</p> <p>$\mathcal{Э}_k$ – азық-түлік тауарлары экспортының көлемі, тонна.</p>	<p>келесі формула бойынша есептеледі:</p> $НІТ = Қжб + \Theta_k + И_k - \mathcal{Э}_k - Б_k$ <p>мұнда:</p> <p>$Қжб$ – жыл басына азық-түлік тауарының қоры, тонна</p> <p>Θ_k – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі, тонна</p> <p>$И_k$ – азық-түлік тауарлары импортының көлемі, тонна</p> <p>$\mathcal{Э}_k$ – азық-түлік тауарлары экспортының көлемі, тонна</p> <p>$Б_k$ – азық-түлік тауарларының бұзылу көлемі, тонна.</p>	<p>шаруашылығы саясатын жоспарлау үшін қажет. Сол себепті азық-түлік тауарының нақты көлемін анықтау үшін жылдың басындағы азық-түліктің қорын және оның бұзылу көлемін ескеру қажет. Аталған факторларды есепке алмау азық-түліктің нақты көлемін анықтауға мүмкіндік бермейді.</p>
<p>Ескертпе: Кесте автормен [37, 38] дереккөздер негізінде құрастырылған</p>		

Қолданыстағы формула жыл басындағы азық-түлік қоры мен азық-түліктің бұзылу көлемі ескерілмейді. Алайда, қазіргі кезде азық-түлік тауарларын сақтау объектілерінің мамандандырылған қоймаларының тапшылығы салдарынан өндірілген өнімнің бір бөлігі тұтынуға дейінгі кезеңде бұзылып кетеді.

Оның көлемін ескермеу, азық-түлік қауіпсіздігінің нақты жағдайын анықтау мүмкіндігін төмендетеді.



6-сызба – Азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі моделі

Ескертпе: Сызба [78], [79] дереккөздерден алынған

ҚОРЫТЫНДЫ

Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін айқындау және тұтастай алғанда Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін нормативтік реттеу бірнеше заңнамалық актілермен («Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңдар) жүзеге асырылады.

Бірақ, өкінішке орай, Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін толық реттейтін, барлық мәселелер дәйекті түрде қаралатын бірыңғай заңнамалық акт жоқ. Нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бірнеше заңдарда, ережелерде және бұйрықтарда бөлек қарастырылды және бұл мәселе бірізділігін жоғалтқан сипат танытады.

Аталған мәселе өзге елдерде қалай реттелгенін анықтау имиақсатында осы зерттеу жұмысымда халықаралық тәжірибе ретінде тағылымдамадан өткен Литва Республикасының, сонымен қатар Евразиялық экономикалық одақ елдерінің арасынан дербес мемлекет ретінде қалыптасу мерзімі бірдей Қырғыз Республикасын және Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі (GFSI) бойынша әлем жетекшісі болып табылатын Финляндияның тәжірибесін зерттедім.

Жалпы, бүгінгі күні азық-түліктің қолжетімділігі мәселесі барлық елдер үшін негізгі мәселелер қатарына қосылып, аталған сұрақ кейбір елдердің стратегиялық мақсаттардың біріне айналған. Алайда, қазіргі кезде орын алып жатқан түрлі дағдарыстар, соның ішінде саяси, экологиялық, экономикалық, эпидемиологиялық қиындықтар азық-түлік жүйесінің тұтастығына едәуір ықпалын тигізуде. Сол себепті көптеген елдер өздерінің азық-түлік жүйелері мен ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі стратегияларын қайта қарастыру бойынша жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Осы орайда Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі бойынша жетекші елдердің аталған қиындықтарға байланысты азық-түлік жүйелерін бейімдеу бойынша шаралары зерттелді. Аталған елдер саясатындағы негізгі көңіл бәсекеге қабілетті, сыртқы триггерлерге тұрақтылығымен жауап бере алатын агроөнеркәсіп кешенін құру бойынша жұмыстармен сипатталады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау, ауылдық аймақты дамыту мен экономикасының тұрақтылығын қамту, тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі мәселелеріне жіті назар аударылған.

Сол себепті, осы жұмыстың басты мақсатына сәйкес, Қазақстандағы қазіргі қолданыстағы азық-түлік қауіпсіздігінің моделінің орнына толықтырылған жаңа модель ұсынылды. Бұл модель азық-түліктің тек физикалық, экономикалық қолжетімділігі мен қауіпсіздік мәселелерінен бөлек тұрақты азық-түлік өндірісі, оңтайлы импорт, елдің барлық аумақтарында, соның ішінде, шалғайдағы елді мекендерді қоса алғанда барлық азық-түлік өнімдерінің болуы және халықтың сұранысын толық қанағаттандыратын және қажетті тұтыну нормаларына сай сапалы азық-түліктің үздіксіз болуын, тауар

өткізгіш инфрақұрылыммен, қажет жағдайда азық-түліктің қоры мен оны сатып алуға қажетті валюта ресурстарының болуын көздейді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығымен бекітілген Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарына азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі формуласын қайта қарастырып, жаңа редакция жазылуы ұсынылды.

Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін анықтаудың жаңа моделі мен азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің жетілдірілген әдістемелік ұсынымдары мемлекеттік бағдарламалық құжаттардағы мақсаттарды дұрыс айқындауға, жахандық өзгерістерге жауап бере алатын қауіп-қатер бағдарламаларын әзірлеуге, нақты жағдайды анықтау және анализдеуге, мүмкін болатын қауіп-қатерлерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, аталған өзгерістер азық-түлік қауіпсіздігінің, соның ішінде азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің дәрежесін нақты анықтауға мүмкіндік беретін болады. Сонымен қатар келесі нәтижелерге алып келетін болады:

1. Мәселелерді ерте анықтау: дұрыс мониторинг азық-түлік жүйесіндегі ықтимал проблемаларды ерте анықтауға мүмкіндік береді, бұл азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп-қатерге тезірек жауап беруге мүмкіндік береді;

2. Дағдарыстың алдын алу: тұрақты түрде жүргізілетін талдаулар мен дұрыс мониторинг әлемде орын алып жатырған глобалды саяси, экономикалық, геосаяси жағдайлардың әсерінен азық-түлік қауіпсіздігі дағдарыстарының алдын алуға көмектеседі;

3. Тәуекелдерді бағалау және басқару: мониторинг тәуекелдерді бағалауға және оларды мемлекеттік басқару үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді;

4. Тұтынушылардың сенімін арттыру: тиімді мониторинг тұтынушылардың сенімін арттырады, өйткені олар Үкімет пен уәкілетті органдардың азық-түлік мониторингі мәселесіне мән беретініне сенімді болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ-ның Азық-түлік жүйелері жөніндегі саммитте сөйлеген сөзі, <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaevty-n-buu-ny-n-azyk-tulik-zhuyeleri-zhonindegi-sammitte-soylegen-sozi-2481020> (жүгіну күні: 30.11.2023);

2 Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций (ФАО), Международный фонд сельскохозяйственного развития (МФСР), Детский фонд Организации Объединенных Наций (ЮНИСЕФ), Всемирная продовольственная программа (ВПП) и Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ). 2021. Положение дел в области продовольственной безопасности и питания в мире – 2021. Преобразование продовольственных систем в интересах обеспечения продовольственной безопасности, улучшения питания и экономической доступности здоровых рационов питания для всех. Рим, ФАО. <https://www.fao.org/3/cb4474ru/cb4474ru.pdf>;

3 Калтаева, С. А. Жаһандану жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибелері / С. А. Калтаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2019. — № 17.1 (255.1). — С. 10-12. — URL: <https://moluch.ru/archive/255/58580/> (жүгіну күні: 30.11.2023);

4 United Nations. 1987. Report on the World Nutrition, Sub-Committee on Nutrition. Geneva, <https://digitallibrary.un.org/?ln=ru>;

5 Калиев Г.А. Актуальные проблемы развития АПК Казахстана. – Алматы: КазНИИ экономики АПК и развития сельских территорий, 2013. –23 с., <https://doi.org/10.34020/2073-6495-2021-2-203-211>;

